



Президенті

Қазақстан Республикасы Президентінің  
2002 жылғы 28 наурыздағы  
N 827 Жарлығымен  
бекітілген

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ  
2002-2004 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
БАҒДАРЛАМАСЫ Астана  
2002 жылғы наурыз**

**Бағдарламаның паспорты**

**Атауы** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасы

**Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме** Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспары, Мемлекет басшысының бағдарламалық тапсырмалары

**Негізгі әзірлеуші** Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Мақсаты** Қоғамдық-саяси тұрақтылық, орнықты әлеуметтік-экономикалық даму, экономиканың теңдестірілуі деңгейін арттыру, капитал қозғалысын жандандыру, экономикалық қауіпсіздікті нығайту, жүйелік қатерлерді азайту, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, ғаламдық және аймақтық деңгейлерде қауіпсіздік пен тұрақтылыққа, қауіп-қатерлерге қарсы тұру әзірлігі негізінде халықтың тұрмыс деңгейінің өсуі

**Бағдарламаның басымдықтары** Ел халқының әл-ауқатын жақсарту және оның одан әрі өсуі үшін алғышарттар жасау; қазіргі заманғы жаңа өндірістер құру, неғұрлым жоғары техникалық-технологиялық деңгейге шығу; мемлекеттік басқару органдарының функцияларын, өкілеттіктері мен жауапкершілігін жіті айқындап, жұмысының тиімділігін арттыру; әлеуметтік-экономикалық процестер мен сыртқы

**Бағдарламаның  
міндеттері**

факторлардың өзгеруіне бара-бар ден қоюды қоса алғанда, экономиканы мемлекеттік реттеудің тетіктерін жасау

Мақсаттар мен орта мерзімді басымдықтарға қол жеткізу мыналарды:

- елдің қаржы және бюджет жүйелерінің теңдестірілуі мен орнықтылығын;
- халықтың тұрмыс деңгейінің өсуі, кедейлік пен жұмыссыздықтың азайтылуы негізінде ішкі сұранысты

арттыруды ;

- рыноктарды құрылымдаудағы Үкіметтің рөлін арттыруды ;

экономиканың барлық саласының рентабельді жұмыс істеуін ;

- бірінші кезекте өнеркәсіптің шикізаттық емес салаларында тауарлардың бәсекелестік қабілетін көтеру мақсатында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық жаңартуды;

- ауыл шаруашылығының өнімділігін елеулі түрде арттыруды, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және өткізу жөніндегі бәсекеге қабілетті өндірістерді дамытуды ;

- мердігерлік жұмыстар рыногын құруды, қазіргі заманғы құрылыс кешенін және құрылыс материалдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытуды;

- қызмет көрсету саласын кеңейтуді және оның бәсекелестік қабілетін көтеруді;

- экономиканың барлық деңгейі үшін сапалы жаңа басқару, инженерлік-техникалық және жұмысшы кадрлар даярлауды ;

- экономиканың басым секторларына инвестициялардың құйылуын ынталандыруды, инфрақұрылымды дамытуға және экономиканың өндірістік құрылымын жетілдіруге жұмсалатын мемлекеттік инвестициялық ресурстарды тиімді пайдалануды ;

- аймақтар экономикасын теңдестіре дамытуды қамтамасыз ететін экономикалық, фискалдық және

заңнамалық жағдайлар жасауға бағытталған міндеттерді шешуді талап етеді.

**Бағдарламаның негізгі іс-шаралары** Индустрия салаларында жаңа қайта бөлістер мен өндірістерді дамыту үшін жағдай жасау.

Инфрақұрылымды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өндірістерді озыңқы дамыту.

Әлеуметтік саясатты жетілдіру.

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ), "Орталық Азиялық ынтымақтастық" (ОАЫ) ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Шанхай Ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ) шеңберінде экономикалық ықпалдастықты тереңдету.

Халықтың денсаулығы жай-күйін жақсарту, салауатты өмір салтын насихаттау.

**Қаржыландыру көздері** Мемлекеттік бюджеттің қаражаттары, қарызға алынатын қаражаттар, тікелей инвестициялар, гранттар, қорлардың және басқа да қаржы институттарының қаражаттары

**Бағдарламаны іске асырудан күтілетін түпкі нәтиже** Ел халқының тұрмыс деңгейін одан әрі көтеруді қамтамасыз ететін экономиканың серпінді өсуіне қол жеткізу

**Іске асыру мерзімі** 2002-2004 жылдар.

## **1. Үкімет Бағдарламасының мақсаты мен басым міндеттері**

Үкімет 2002-2004 жылдарға арналған басты мақсат ретінде қоғамдық-саяси тұрақтылық, тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму, экономиканың теңдестірілуі деңгейін арттыру, капитал қозғалысын жандандыру, экономикалық қауіпсіздікті нығайту, жүйелік қатерлерді азайту, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, ғаламдық және аймақтық деңгейлерде қауіпсіздік пен тұрақтылыққа, қауіп-қатерлерге қарсы тұру әзірлігі негізінде халықтың тұрмыс деңгейінің өсуі деп айқындайды.

Үкімет қоғамды одан әрі демократияландыру, заңдылық пен құқық тәртібін

нығайту, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау мәселелеріне зор назар аударатын болады.

**Басым міндеттер ретінде мыналар айқындалды:**

1. Ел халқының әл-ауқатын жақсарту және оны одан әрі өсіру үшін алғышарттар жасау.

2. Жаңа, қазіргі заманғы өндірістер құру, неғұрлым жоғары техникалық-технологиялық деңгейге шығу.

3. Олардың функцияларын, өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін жіті айқындап, мемлекеттік басқару органдары жұмысының тиімділігін арттыру.

4. Әлеуметтік-экономикалық процестермен сыртқы факторлардың өзгеруіне бара-бар ден қоюды қоса алғанда, экономиканы мемлекеттік реттеудің тетіктерін жасау.

Мақсаттар мен орта мерзімді басымдықтарға қол жеткізу Үкімет пен Ұлттық Банктен:

елдің қаржы және бюджет жүйелерінің теңдестірілуі мен тұрақтылығын; халықтың тұрмыс деңгейі өсуі, кедейлік пен жұмыссыздықтың азайтылуы негізінде ішкі сұранысты арттыру;

рыноктарды құрылымдаудағы Үкіметтің ролін арттыру; экономиканың барлық саласының рентабельді жұмыс істеуін; бірінші кезекте өнеркәсіптің шикізаттық емес салаларында тауарлардың бәсекелестік қабілетін көтеру мақсатында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық жаңартуды;

ауыл шаруашылығының өнімділігін елеулі түрде арттыруды, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және өткізу жөніндегі бәсекеге қабілетті өндірістерді дамытуды;

мердігерлік жұмыстар рыногын құруды, қазіргі заманғы құрылыс кешенін және құрылыс материалдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытуды; қызмет көрсету саласын кеңейтуді және оның бәсекелестік қабілетін көтеруді ;

экономиканың барлық деңгейі үшін сапалы жаңа басқару инженерлік-техникалық және жұмысшы кадрларды даярлауды; экономиканың басым секторларына инвестициялар құйылуын ынталандыруды, инфрақұрылымды дамытуға және экономиканың өндірістік құрылымын жетілдіруге жұмсалатын мемлекеттік инвестициялық ресурстарды тиімді пайдалануды;

аймақтар экономикасын теңдестіре дамытуды қамтамасыз ететін экономикалық, фискалдық және заңнамалық жағдайлар жасауға бағытталған міндеттерді шешуді талап етеді.

Бағдарламаның негізгі бағыттары Қазақстан Республикасы дамуының 2010

жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық жоспарының негізінде әзірленді және Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыруға н а с а н а а л ы н д ы .

Таяу кезеңдегі бірінші кезектегі міндеттер Мемлекет басшысының 2001 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған салтанатты жиналыста, сондай-ақ 2002 жылғы 25 қаңтардағы облыстардың әкімдерімен кеңесте Үкіметке берген тапсырмаларынан т у ы н д а й д ы .

**Бірінші** . Индустрия салаларында жаңа қайта бөлістер мен өндірістерді дамыту үшін жағдай жасау .

**Екінші** . Инфрақұрылымды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өндірістерді озыңқы дамыту .

**Үшінші** . Әлеуметтік саясатты жетілдіру .

**Төртінші** . Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ), "Орталық Азиялық ынтымақтастық" (ОАЫ) ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Шанхай Ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ) шеңберінде экономикалық ықпалдастықты тереңдету .

**Бесінші** . Халықтың денсаулығы жай-күйін жақсарту, салауатты өмір салтын н а с и х а т т а у .

Экономиканы қарышты өсірудің резервтері мыналар болып табылады:

**Бірінші** . Отандық шағын және орта бизнестің серпінді өсуі .

**Екінші** . Мұнай-газ секторын тиімді пайдалану, 2001 жылы КТК құбыр өткізгішінің іске қосылуына, Қарашығанақ мұнай конденсаты кен орнының игерілуіне байланысты мұнайды экспорттау жөніндегі елдің экспорттық мүмкіндіктерін ұлғайту .

**Үшінші** . Metallургия, химия және мұнай химиясы салаларында жаңа технологиялық қайта бөлістер мен өндірістер құру, экспорт құрылымын жақсарту .

**Төртінші** . Қаржы секторын дамытудың жаңа сапалық деңгейі .

**Бесінші** . Экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымды үдемелі әрі теңдестіре дамыту, ішкі сұранысты және бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызметтер көрсетудің бара-бар ұсыныстарын дамыту .

Үкімет орта мерзімді кезеңде мынадай мақсатты индикаторларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге ниеттенуде:

2004 жылы ішкі жалпы өнімнің өсуін 2001 жылмен салыстырғанда 18-20 пайызға жеткізіп, оның орташа жылдық нақты өсуін 5-7 пайызға жеткізу;

2004 жылғы халықтың жан басына шаққанда ішкі жалпы өнімнің деңгейін 1600-1700 АҚШ долларына баламалы сомаға дейін жеткізу;

инфляция деңгейі - 2002 жылы 5-7 пайыз, 2003 және 2004 жылдары 4-6 пайыз

;

өнеркәсіптік өндірістің орташа жылдық өсуі - 8-10 пайыз; табысы ең төменгі күнкөрістен аз халықтың үлесін 20-25 пайызға дейін азайту.

## **2. Мемлекеттік реттеу**

### **2.1. Кәсіби Үкімет**

Қазақстан Республикасы Президентінің: "Жаңа Үкімет саликалы әрі нақты істің Үкіметі болуға тиіс" деген сөзін Үкімет ұран ретінде толық қабыл алады.

#### **М а қ с а т т а р ы**

Үкімет аппараты қызметін ұйымдастыруда жүйелі көзқарас қалыптастыру, оның жұмысын икемді, тиімді және ретті ету, ведомствоаралық өзара іс-қимыл мен үйлестіруді күшейту.

Қоғамда мемлекеттік қызметтің беделін көтеру және лауазымдар жіктемесін мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру.

#### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Мемлекеттік қызметті өркениетті нормативтік құқықтық қамтамасыз етудің базалық негіздері әзірленді және енгізілді. Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі жұмыс істеді.

Мемлекеттік басқару органдарының қызметінде қысқа, орта және ұзақ мерзімді жоспарлау қағидаттары енгізілді. "Қазақстан - 2030" стратегиясында айқындалған басымдықтар бойынша Қазақстан Республикасы дамуының 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспары әзірленді. Облыстарды, Астана және Алматы қалалары дамуының стратегиялық жоспарлары әзірленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде тиісті заң және бірқатар нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

#### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

Ел Үкіметінің жұмысын ұйымдастырудың тетігін жетілдіру міндеті алда тұр. Оның барлық құрылымдық элементтері қызметінің өлшемдері - нақты басшының тұлғасына тәуелді болмай, жалпы мемлекеттік саясаттың мақсаттарына сәйкестігі, аппарат жұмысының тұрақтылығы, жолға қойылуы, жауапкершілігі және оның жұмысының нәтижелілігі болуы тиіс. Осы мақсатта Үкіметтің орталық атқарушы органдардың ішкі құрылымын бекітуінің, олардың жетекші құрылымдық бөлімшелері санының нормативтерін белгілеуінің орындылығы қаралады.

Үкімет құрылымын жетілдірудің үздіксіз процесі қайталау мен төрешілдік былықты болдырмайтын жіті айқындалған, біркелкі әрі теңдестірілген функциялары бар түпкілікті сұлбасын сызуы тиіс.

Мемлекеттік органдардың штат саны олар орындайтын функциялардың саны мен сапасына қарай белгіленеді. Бұл ретте мемлекеттік органдардың кадрлық құрамы кәсіби деңгейіне, біліктілігі мен тәжірибесіне қойылатын жаңа талаптарға сай келуі және тиісті материалдық-техникалық әрі қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуі тиіс.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін реттеу негізгі міндетін орындаудағы тиімділігін арттыруға және ең бірінші кезекте, түпкі нәтижеге бағдарлануына бағытталады.

Олардың Құзыретіне енетін мәселелерді бірлесіп шешу үшін министрліктердің, агенттіктердің және ведомстволардың іс-қимылын үйлестіру күшейтіледі.

Мемлекеттік органдар қызметінің халық үшін ашық болуын қамтамасыз етуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін пайдалануды кеңейту жөнінде нысаналы жұмыс жүргізіледі.

Мемлекеттік органдардың жұмысының ашықтығын және қызмет бабын теріс пайдаланудың алдын алуды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қызметшілер қызметін регламенттеу жүйесі жетілдіріледі және мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынудың стандарттары әзірленеді.

2002 жылы мыналарды:

мемлекеттік билік органдарының жұмысына кешенді функционалдық талдау жасау мен олардың өзара іс-қимылының тиімділігін және Үкімет құрылымын жетілдіру жөнінде тиісті ұсынымдар әзірлеу, мемлекеттік органдардың функцияларын нақтылауды;

құжаттарды келісу тәртібін оңайлату, кеңестердің, әртүрлі жұмыс топтарының санын азайту және олардың нәтижелілігін арттыру, жаңа технологиялар енгізумен бірге құжат айналымын ретке келтіру және азайтуды;

барлық мемлекеттік органдарда, ұлттық компанияларда және ірі республикалық мемлекеттік кәсіпорындарда орта мерзімді жоспарлаудың, тұтас, көпдеңдейлі жүйесін қалыптастыруды;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарының ұлттық геоақпараттық жүйесін қалыптастыруды;

мемлекеттік қызметшілердің мәртебесін көтеру, оларға еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру және деңгейін көтеру, оларды құқықтық және әлеуметтік қорғауды күшейтуді;

мемлекеттік қызметшілерді кәсіби даярлаудың сапасын арттыру, оларды үздіксіз даярлау мен біліктілігін арттырудың тетігін енгізуді;

мемлекеттік қызмет кадрларын есепке алудың бірыңғай ақпараттық жүйесін жетілдіруді;

қызметтік этика нормаларын бұзғаны және мемлекеттік қызметте сыбайлас

жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікті күшейтуді жүзеге асыру к о з д е л у д е .

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілерге бос әкімшілік лауазымдарға конкурстан тыс орналасу құқығы беріледі. Мемлекеттік қызметшінің сіңірген еңбегінің негізінде қызметінің әділ өсуін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардағы лауазымдарда міндетті жұмыс стажы бойынша лауазымдардың жекелеген санаттарына қойылатын біліктілік талаптары күшейтіледі.

## **2.2. Мемлекеттік басқару органдарының функциялары мен өкілеттіктерін айқындау және ажырату**

### **М а қ с а т т а р ы**

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасында және олардың ішінде мемлекеттік функциялар мен өкілеттіктерді тиімді бөлуді заң жүзінде бекіту.

Әрбір деңгейдегі мемлекеттік басқаруды құрайтын ұйымдастырушылық, құқықтық және экономикалық бөліктерінің теңдестірілуіне қол жеткізу.

### **А л ғ ы ш а р т т а р**

" Бюджет жүйесі туралы ", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңдарды қамтитын мемлекеттік басқару және биліктің барлық деңгейінің өзара іс-қимыл жасауының жүйесін одан әрі жетілдіру үшін база жасалды. Азаматтық кодекске билік деңгейлеріне өкілеттіктерді және мемлекеттік функцияларды орындау жөніндегі жауапкершілікті бекіту, сондай-ақ оларды тәртіпке келтіру мәселелерін реттеу жөнінде жағдай жасаған өзгерістер енгізілді.

Әкімшілік-бюджет реформасы шеңберінде экономикаға орынсыз араласуды шектеу, олардың әрқайсысына тиісті кіріс көздерін бекітумен бірге биліктің барлық деңгейі арасында өкілеттіктерді ажырату жөніндегі жұмыс басталды. Мемлекеттік секторға қызмет көрсететін мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар арасында бюджет саласының шекарасы ажыратылды.

Нарық экономикасы жағдайында мемлекеттік басқару секторының функцияларына және бірінші кезекте, республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен қаржыландырылатын ұйымдардың функцияларына талдау жүргізілді.

### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері жөніндегі комиссия жұмысының нәтижелері бойынша 2002 жылы мемлекеттік функцияларды одан әрі оңтайландыру (қайталанатын функцияларды жою, мемлекетке тән емес функцияларды жеке секторға беру) және ең алдымен облыс-аудан деңгейіндегі

мемлекеттік басқару деңгейлері арасында оларды тиімді бөлу, мемлекеттік аппараттың оңтайлы құрылымын белгілеу жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

2002 жылы Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасы әзірленеді, Үкімет оның негізінде кейін мемлекеттік функцияларды орындау бойынша өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді әрбір билік деңгейіне заң жүзінде жіті бекіту әрі мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты одан әрі жүзеге асырады.

Құрылымдық бөлімшелердің тиісті штат саны және басқарудың әрбір деңгейін қаржылық қамтамасыз ету кезінде әрбір мемлекеттік органның функцияларды іске асырудың тиімділігіне талдау жүргізіледі. Басқарудың төмендегі деңгейлеріне берілетін функцияларды таңдау кезінде тиісті деңгейде табысты іске асыру үшін қажетті мүмкіндіктер мен ресурстарды ақиқатты бағалау жүргізіледі.

### **2.3. Мемлекеттік активтерді басқару**

#### **М а қ с а т т а р ы**

Кең ауқымды жекешелендіруден мемлекеттік активтерді тиімді басқаруға көшу және экономиканың стратегиялық маңызды салаларын дамытуды реттеу мүмкіндігін сақтау, мемлекеттік активтерді есепке алу жүйесін жетілдіру.

#### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Неғұрлым ірі ұлттық компаниялардың қаржылық көрсеткіштерінің мониторингі жүйесі енгізілді. Қазіргі уақытта тоқсан сайын қаржылық ақпарат ұсынатын, алдағы жылға есеп саясатын, бюджетті және есепті кезеңдегі бюджеттің атқарылуы туралы келісетін ұлттық компаниялардың қызметін бақылау, сондай-ақ әкімшілік шығыстарын одан әрі оңтайландыру және ретке келтіретін жұмыс жандандырылды.

Мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік акциялар пакеттеріне дивидендтерінің және таза табысы бір бөлігінің бюджетке түсімдері ұлғаюы үрдісі байқалды.

#### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

2002 жылдан бастап бюджет тапшылығын қаржыландырудың бір көзі ретінде республикалық меншік объектілерін жекешелендіру көлемдерін қалыптастыру мемлекеттік активтерді басқарудың нәтижелерімен, жаңа қарыз алу және қолда бар борыштық міндеттемелердің көлемдерімен байланыстырылатын болады.

2002 жылы шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың табысының бір бөлігін бюджетке аударудың тәртібі, мерзімі мен ең төменгі мөлшері регламенттелетін болады.

Ұлттық компаниялардың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесінде

алынған табыстар мен тартылған шығындардың ашықтығын қамтамасыз ету үшін 2003 жылы инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру көздерін және бюджетке жіберілетін дивидендтердің мөлшерін айқындау кезінде экономикалық негізделген қорытынды жасау жүйесі жетілдіріледі. Осы мақсатта ұлттық компаниялар еншілес ұйымдардың қаржылық ақпаратын тоқсан сайын ұсынатын б о л а д ы .

2004 жылдың аяғына дейін мемлекеттік активтер мен міндеттемелердің теңгерімін жасау, мүліктік жалға берілетін тұрғын үй емес мемлекеттік қорды жүйелі түрде есепке алудың, сондай-ақ мемлекеттік меншіктегі объектілерді мүліктік жалға беру ережелерінің сақталуын бақылаудың әдістемелері әзірленеді.

2002-2004 жылдары ішінде:

мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғамдардың әкімшілік шығыстарын және тиісті нормативтік құқықтық база мен мониторинг жүйесін жасауды;

басы артық және республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға бекітілген мүліктің мақсаттан тыс пайдаланылуын оңтайландыру жөнінде шаралар қ а б ы л д а н а д ы .

#### **2.4. Баға және тариф саясаты**

##### **М а қ с а т т а р ы**

Мемлекеттің, табиғи монополия субъектілерінің және олардың қызметтерін тұтынушылардың мүдделерін теңдестіруге бағытталған икемді тарифтік саясатты орта мерзімдік негізде қалыптастыру. Табиғи монополиялар секторына инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау. Табиғи монополиялардың қызметін мемлекеттік реттеу және бақылау салаларын кеңейту. Тауар және қаржы рыноктарын тиімді жұмыс істеу үшін жағдайларды қамтамасыз ету, бәсекелестік тартыстың жосықсыз әдістерін болдырмау.

##### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Экономикада макрокөрсеткіштердің өсу үрдістері нығаюда. Кәсіпорындардың қаржы жағдайы, олардың төлем жасау тәртібі жақсарды. Халықтың табысы өсуі нәтижесінде халықтың тұтыну құрылымында азық-түліктік емес тауарлар мен қызмет көрсетулерге қарай елеулі ойысу жүруде . Табиғи монополиялар қызметтерінің тұтыну көлемі ұлғаюы жоғарыда көрсетілген үрдістердің нәтижесі болып табылады. Бұл ретте, табиғи монополиялар активінің табиғи тозуының қазіргі жоғарғы деңгейі шығындардың өсуіне, теріс қаржы көрсеткіштеріне әрі, түптің түбінде тарифтердің болжанудан т ы с ө с у і н е ә к е п с о ғ у д а .

**Ш е ш у ж о л д а р ы**

Орта мерзімді кезең ішінде табиғи монополиялардың қызметтеріне тарифтердің орташа деңгейінің тұрақтылығын қамтамасыз ету жөнінде монополияға қарсы заңнаманы сақтамағаны және тұтынушылардың құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершілікті арттыру жөнінде шаралар қабылданады. Сондай-ақ, рынок субъектілерін бағаны өзара келісуін тыю жөніндегі монополияға қарсы заңнама қатайтылады.

2002 жылы тариф құраудың нормативтік және әдістемелік базасы жетілдіріледі. 2002 жылдың аяғына дейін орта мерзімді негізде бағалардың (тарифтердің) шекті деңгейін есептеу тәртібін, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілері үшін оларды енгізу ережесін әзірлеу жоспарлануда.

Алдағы кезең ішінде активтердің реттелетін базасынан пайданың ставкасы ретінде табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтеріндегі пайданы есептеуге кезең-кезеңімен көшу міндеті алда тұр.

Шығындардың тарифтік сметаларының бекітілген баптарын орындау туралы талап заң жүзінде бекітіледі. Аралас үлгідегі өндірісі бар жылу қазандықтары мен станцияларында жылу энергиясы өндірісі, электр энергиясын желіге беру әрі тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі көрсететін қызметтер, газ бен газ конденсатын сақтау, газ бөлу қондырғыларын пайдалану және олармен байланысты газды бөлу құбыр өткізгіштері жөніндегі көрсететін қызметтер, кірме жолдар көрсететін қызметтер салаларында табиғи монополиялардың қызметін реттеу жөнінде шаралар көзделеді.

Табиғи монополия субъектісінің мүлкімен мәмілелер жасауды бақылау шаралары қатайтылады, тұтынушыларға келтірілген залалды өтеу үшін тарифтерге уақытша өтемдік коэффициенттер қолдану рәсімдері әзірленеді.

2004 жылға дейін табиғи монополиялардың субъектілерінің қызметтеріне тұтынушылардың топтары бойынша тарифтердің негізсіз саралануын жою жөніндегі жұмысты негізінен аяқтау көзделуде.

Бұл жұмыста тауар және қаржы рыноктарындағы бәсекені шектеуге әрі жоюға бағытталған шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы бәсекеге қарсы келісімдердің, бағамен қысым көрсету, субъектілердің топтасуының барлық нысандарының жолын кесу ерекше орын алады.

## **2.5. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану**

### **М а қ с а т т а р ы**

Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру, қоғамның қажеттіліктеріне бара-бар табиғат пайдалану процесін реттеу, қолданыстағы табиғат пайдалану заңнамасын халықаралық талаптарға сәйкес келтіру.

Алдағы кезеңдегі негізгі міндеттер халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және су ресурстарының тапшылығын азайту; ормандар алаңын ұлғайту,

орман мен өсімдік және жануарлар дүниесінің өзге де ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану; шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерін азайту және қалдықтарды пайдалану деңгейін арттыру болып табылады.

### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Экология саласында заңдар топтамасы қабылданды, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша бірқатар конвенцияларға қол қойылды. Экономиканың су секторын дамытудың және 2010 жылға дейінгі су шаруашылығы саясатының тұжырымдамасы, 2010 жылға дейінгі "Ауыз су" салалық бағдарламасы бекітілді.

Ластаудың барлық көздерінің мемлекеттік кадастры және оларды орналастырудың карталары жасалуда, қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі жасалуда.

Су ресурстарының тапшылығы республиканың табиғи байлықтарын игеруді және өндіруші күштерін дамытуды тежейтін елеулі фактор болып табылады. Атмосферадағы ауа мен су объектілерін ластау жөніндегі келеңсіз үрдістер сақталуда, өндіріс қалдықтарын басқару және тұтыну жүйесі жоқ.

### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

2002 жылдан бастап "Ауыз су" салалық бағдарламасының іс-шараларын және ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтауды жақсарту жөніндегі жобаларды іске асыру, су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғауды ынталандыратын экономикалық тетіктерді әзірлеу және енгізу басталады, су ресурстарын кешенді пайдаланудың су шаруашылығы теңгерімдерін және бассейндік схемаларын жасау жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Көршілес мемлекеттермен шекарааралық су ағындарын пайдалану мәселелері бойынша уағдаластықтарды іске асыру жалғастырылады.

2002 жылы Астана қаласының жасыл желекті аймағын жасау бағдарламасын іске асыру жалғастырылады. Бүкіл республика бойынша орман алаңдарын ұлғайту үшін іске асырылуы 2003 жылы басталатын "Қазақстан орманы" бағдарламасы бекітіледі.

Браконьерлікке қарсы күрестің тиімділігін арттыруды шоқ тоғайлар жолағын, сексеуілдер және жұрнақты орман екпелерін қалпына келтіру, киіктерді кәсіпшілік аулау санын қалпына келтіру, жануарлардың және өсімдіктердің сирек кездесетін әрі жойылып бара жатқан түрлерін сақтау, балық шабақтарын өсіру және балықтың бекіре тұқымдас түрлері уылдырық шашатын жерлерде балық шаруашылығы мелиорациясын жүргізу, Каспийдің қорық аймақтарын аймақтарға бөлуді жүзеге асыру, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісін және экологиялық туризм бағыттарын дамытуды қоса алғанда, ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау әрі молайтуды қамтамасыз етуге мемлекеттік ы қ п а л д ы к ү ш е й т у .

Шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерін азайту және қалдықтарды пайдалану деңгейін арттыру үшін:

барлық салынып жатқан өндірістік объектілерге міндетті мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізумен бірге экологиялық аудандастыру мен қоршаған ортаны ластаудың аумақтық шектеулерін (лимиттерін) белгілеудің және әлемдік стандарттарға сәйкес табиғи ресурстарды пайдаланудың негізінде қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық кешендік схемаларын әзірлеу жолымен табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жүйесін оңтайландыруды жалғастыру;

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін жасауды аяқтау және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, табиғи ресурстар кадастрын әзірлеу, табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін ақы төлеу жүйесін жетілдіру, табиғат пайдалануға рұқсат беру жөніндегі бірыңғай талаптар жүйесін енгізу;

экологиялық қауіпті шаруашылық қызмет түрлерін жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғаларды міндетті экологиялық сақтандыруды енгізу үшін құқықтық негіздер қалыптастыруды жалғастыру;

Арал өңірі, Балқаш көлі бассейні аудандарында орналасқан қоршаған орта объектілерін және әскери полигондарды қалпына келтіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

қоршаған ортаның сапасын жақсарту мен қазіргі және болашақ ұрпақтар үшін табиғи ресурстарды сақтау процесіне қоғамды тартуды қамтамасыз ету;

шикізаттық бағыттағы компанияларда ИСО 14000 сериялы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес сапаны басқару жүйелерін енгізу көзделеді.

Үкімет Каспий теңізінің мәртебесін реттеу мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Бұл ретте, Үкімет көптарапты негізде белсенді өзара іс-қимылды жалғастырумен қатар Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны әзірлеу мақсатында Түркіменстанмен жер қойнауын пайдалану саласындағы өзара құқықтарды және Каспийде өзара іс-қимыл жасаудың басқа да аспектілерін анықтау жөніндегі екіжақты құжаттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Солтүстік Каспийде модификацияланған ортадағы желінің өтуі туралы хаттамаға, осы желі аймағында орналасқан блоктардағы тараптардың өзара шаруашылық іс-қимылы мәселелерін көрсете отырып, қол қою жөнінде шаралар қабылдауға ниеттенуде.

### **3. Заң шығарушылық қызмет**

#### **М а қ с а т т а р ы**

Мемлекеттің дамуының жаңа кезеңіне бара-бар елде жүргізіліп жатқан қайта

құруларды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету.

## **А л ғ ы ш а р т т а р**

Мемлекет тіршілігінің, іс жүзінде барлық аспектілерін қамтитын ұлттық заңнаманың кең ауқымы жасалды. Сонымен бірге, мемлекеттік қалыптасу кезеңінде өзіндік оң роль атқарған қазіргі заңнамалық база қазіргі кезеңде қоғамның қажеттіліктеріне енді толық дәрежеде жауап бермейді.

## **Ш е ш у ж о л д а р ы**

Ағымдағы жылы орындалуы тиіс бірінші кезектегі шаралар ретінде заңнаманы дамытудың орта мерзімді перспективаға арналған негізгі бағыттарын айқындауға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы әзірленеді.

2002 жыл ішінде Үкімет заңнамада орын алып отырған мынадай кемшіліктерді: қайталанатын және жарияланымдық сипаттағы құқықтық қайшылықтарды, қоғамдық қатынастардың маңызды салаларындағы құқықтық реттеудегі олқылықтарды анықтауға күш-жігер жұмсайды.

Осы жұмыстың нәтижелерін ескере отырып, биылғы жылдың аяғына дейін кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылданып, Үкіметтің заң шығарушылық қызметіндегі нақты бағыттар айқындалады.

2003-2004 жылдар ішінде ескірген заң актілері жаңа буындағы заңдармен ауыстырылады. Біртекті қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар жіктеледі. Тұтас алғанда елдің Заңнамасы неғұрлым жинақы, орындалуы және бақылануы үшін ұғынықты әрі қолайлы болуы тиіс.

2002 жылдың аяғына дейін кеден кодексінің жобасы әзірленіп, Азаматтық кодекске түзетулер енгізіледі.

Бірінші кезеңде, сондай-ақ мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды, мемлекеттік қызметті, сайлау заңнамасын жетілдіруге, қорғаныс пен ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, халықаралық терроршылдыққа қарсы іс-әрекетті күшейтуге, қылмысқа қарсы күрестің тиімділігін арттыруға және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған заң актілері әзірленеді. Үкімет қылмыстық заңнаманы ізгілендіру және қылмыстық-атқару жүйесін реформалау жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Одан әрі, 2003-2004 жылдары заңнаманың неғұрлым дамыған басқа да салалары, соның ішінде бюджеттік, еңбек заңнамасы жіктеледі.

Заң жобаларының сапасын арттыру үшін олардың неғұрлым маңыздылары биылғы жылдан бастап міндетті түрде ғылыми сараптамадан өткізілетін болады. Әлеуметтік салаға қатысты заң жобаларын әзірлеуге азаматтардың қоғамдық ұйымдары мен әлеуметтік бағыттағы коммерциялық емес ұйымдар белсенді т а р т ы л а д ы .

Қабылданған заңдардың тиімді орындалуын арттыру мақсатында жаңа заңдарды іске асыру үшін қажетті заң актілерін уақытылы қабылдау ұдайы

қамтамасыз етілетін болады.

Барлық заңдар мемлекеттік және орыс тілдеріндегі норма жасау практикасындағы пайдаланылатын терминдердің бірыңғай тізбесі қолданылып, әзірленетін болады.

Заң жобалау қызметін жоспарлауды жақсарту мақсатында Үкімет 2002 жылы заң жобалау жұмыстарының 2003-2005 жылдарына арналған перспективалық жоспарын бекітеді.

ЕурАзЭҚ шеңберінде екі жақты және көп жақты халықаралық шарттардың негізінде қатысушы елдердің заңнамаларын үйлестіру және жақындастыру жөнінде шаралар көзделеді.

2002 жылы Үкімет республиканың ұлттық мүдделеріне жауап бермейтін, Конституцияға сәйкес елдің ішкі заңнамасының дамуына кедергі жасайтын халықаралық шарттардан Қазақстанның белгіленген тәртіппен шығуы мақсатында халықаралық шарттарды түгендеуді жүргізеді.

Болашақта Үкімет тек Республикаға нақты саяси және экономикалық тиімді әрі оның стратегиялық мүдделеріне қайшы келмейтін халықаралық шарттарды ғана жасасуға ниеттенуде.

## **4. Қаржы және салық-бюджет саясаты**

### **4.1. Ақша-несие саясаты**

#### **М а қ с а т т а р ы**

Ақша базасы мен алтын-валюта резервтері бойынша мақсатты көрсеткіштерден инфляция бойынша көрсеткіштерге көшу (инфляциялық таргеттеу), дамыған елдердің орталық банкілері қызметінің стандарттарына одан әрі жақындай түсу, валюталық режимді кезең-кезеңімен ырықтандыру және қаржы рыногын одан әрі дамыту.

Қойылған міндеттерді ойдағыдай орындаудың қажетті шарттарының бірі Үкімет пен Ұлттық Банк қызметін, әсіресе инфляцияның төменгі деңгейін қамтамасыз ету және қаржы рыноктарын дамыту мақсатында ақша айналымын реттеу саласында тығыз үйлестіру.

#### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Ақша-несие саясатын жүргізуде оң тәжірибе жинақталды, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таза халықаралық резервтерінің елеулі көлемі жасалды.

Елдің қаржы жүйесі жеткілікті дамуымен, ашықтығымен және мемлекеттің араласуынан қорғалуымен сипатталады. Банк жүйесін халықаралық стандарттарға көшіру процесі жүзеге асырылуда, банк құпиясы туралы Заңнама жұмыс істейді, депозиттерді сақтандыру қоры құрылған. Қазақстанның банк

жүйесі ТМД елдері арасында ең күштілердің бірі болып табылады.

Сақтандыру рыногы серпінді даму үстінде, құрылыс-жинақ және тұрғын үйді қаржыландыру жүйелері жасалуда.

Вексельдік рынокты дамыту басталды, бұл банкілердің вексельдерді қайта есептеу жолымен кері қаржыландыруға қол жеткізуін жеңілдетеді, экономиканы несиелеу әлеуетін молайтады.

### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

2002 жылдан бастап ақша-несие саясатының бағдарларын Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп, жыл сайын нақтылай отырып, үш жыл бұрын айқындайтын болады.

Қазақстан Республикасында валюта режимін одан әрі ырықтандыру жүзеге асырылады, бұл бірінші кезекте валюталық реттеуді өзгертуді және капиталды алып кетуге бақылауды көздейді. Капиталды алып кетуді ырықтандыру капиталдың қозғалысымен байланысты валюталық операциялардың кейбір түрлеріне қатысты лицензиялауды кезең-кезеңімен жоюды қамтиды.

Теңгенің еркін жүзбелі айырбас бағамы режимін сақтау жоспарланып отыр, бұл қазақстандық тауарлардың сыртқы рыноктарда бағалық бәсекеге қабілеттілігін сақтауына септігін тигізеді.

Үкімет пен Ұлттық Банк ұлттық валютаның рөлін одан әрі нығайтуға ықпал ететін, сөйтіп экономиканы "долларландыруды" кемітетін шараларды қабылдайтын болады.

2002-2004 жылдары ақша-несие саясатының негізгі құралдары вексельдермен ашық рынок операциялары, ресми ставкалар және қайта есептеу операциялары болып қала береді. Вексельдердің ашық рынок операциялары және қайта есептеу бойынша операциялары көлемінің ұлғаюымен Ұлттық Банктің есепті ставкаларының және оның РЕПО операциялары бойынша ставкаларының реттеушілік рөлі күшейетін болады деп күтілуде.

Қаржы рыноктарын дамыту саласында жеке тұлғалардың талап еткенге дейінгі депозиттеріне кепілдік беруді таратуды қоса алғанда, жеке тұлғалардың салымдарына міндетті ұжымдық кепілдік беру жүйесін жетілдіру жөнінде іс-шараларды жүзеге асыру, депозиттерді сақтандыру бойынша халықаралық стандарттарды енгізу, ағымдық қадағалау шараларын жетілдіру, корпоративтік басқару және екінші деңгейдегі банкілерде тәуекелдерді басқару жүйелерін енгізу көзделуде. Банкілер қызметін лицензиялау және пруденциялық реттеу, оның ішінде топтық негізде бақылауды енгізу, банк қызметінің тәуекелдерін бағалауды жетілдіру әдістері мен рәсімдері жетілдіріледі. Қаржы секторының тұрақтылығын нығайту мақсатында 2003 жылы қаржылық бақылаудың бірыңғай органы құрылатын болады.

Ұлттық сақтандыру рыногын дамыту Қазақстан Республикасында

сақтандыруды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында халықаралық қағидаттар мен стандарттар негізінде жүргізіледі. Сақтандыру рыногын сақтандыру мен қайта сақтандырудың халықаралық схемаларына ықпалдастыру, басқа елдердің сақтандыруды қадағалау уәкілетті органдарымен ынтымақтастықты одан әрі кеңейту және тереңдету жүзеге асырылатын болады. Сақтандыру шарттары бойынша клиенттердің мүдделерін қорғау мақсатында сақтанушыларға (сақтандырылған, пайда алушыларға) сақтандыру ұйымдары жойылған жағдайда сақтандыру төлемдерін төлеуді жүзеге асыруға кепілдік беруші қор құру көзделеді.

Қаржы рыногының жаңа секторларын құру мен дамыту жөніндегі қызметті жүзеге асыру шеңберінде құрылыс-жинақ жүйесінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Жылжымалы мүліктің ұйымдасқан рыногын құруға және ипотекалық несиелеудің дамуына жәрдем көрсетіледі. Жер және жылжымайтын мүлік несие алу кезінде нақты қамтамасыз ету қызметіне қабілетті өтімді активке айналуына қарай қарыз алушылардың банк жүйесінің ресурстарына қол жетімділігі кеңейтеді.

Қор рыногын дамытуға септік жасау мақсатында ұйымдасқан қор рыногында банкілер акцияларының және басқа да бағалы қағаздарының айналымын олардың құнын бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі негізде міндетті түрде жариялай отырып жандандыру жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады. 2003 жылдан бастап бағалы қағаздардың екінші қайталама рыногын дамытуға айрықша көңіл бөлінеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының арасында орналастырылуы мүмкін мемлекеттің атаулы облигацияларды шығаруы жолымен қаржы институттарының активтерін инвестициялау құралдары қатарын кеңейту арқылы ірі инфрақұрылымдық жобаларға инвестициялардың көлемін ұлғайту үшін жағдайлар жасалады.

Вексель айналымының нормативтік құқықтық базасын жетілдіру және вексель рыногының инфрақұрылымын жетілдіру жөніндегі, вексельдердің бірінші сыныпты эмитенттерінің тізімін (ұлттық компаниялардың да есебінен, "орта буын" шаруашылық жүргізуші субъектілердің де есебінен) қалыптастыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Перспективалық мақсат вексельдің мәртебесін бағалы қағаз мәртебесіне дейін көтеру, бұл бағалы қағаздар рыногының қолданыстағы техникалық инфрақұрылымын вексельдердің депозитарлық есебін жүргізу, вексель алаңдарында сауда-саттық өткізу және олармен есеп айырысу үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

2002 жылы банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдарды, оның ішінде несиелік серіктестіктер мен шағын несиелік

ұйымдарды құру, лицензиялау және реттеу тәртібін оңайлатуды көздейтін банк заңнамасының нормаларын жетілдіру жолымен шағын және орта бизнес субъектілері үшін қаржылық қызмет көрсету секторын дамыту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Экономиканың нақты секторын несиелеуді одан әрі кеңейту мақсатында несиелік ұйымдардың үш деңгейлі жүйесін құру негізінде шағын несиелеудің көп деңгейлі моделін енгізу жөніндегі жұмыс жүзеге асырылады.

2002-2004 жылдары Қазақстан Республикасында қолданыстағы төлем жүйелерін олардың қызмет етуі, сенімділігі және қауіпсіздігі тиімділігін арттыру мақсатында одан әрі жетілдіру көзделіп отыр. 2003-2004 жылдары оқшау микропроцессорлы төлем кәртiшкелермен ұсақ бөлшек саудада қолма қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Төлем кәртiшкелерінің ұлттық банкаралық жүйесі, сондай-ақ халықаралық төлем жүйелерінің кәртiшкелік трансакциялары бойынша бағыттау және клиринг жасалатын болады.

## **4.2. Салық саясаты**

### **М а қ с а т т а р ы**

Салық салу базасын кеңейту әрі жаңа технологияларды пайдалана отырып, салықтық және кедендік әкімшілік жасау сапасын көтеру жолымен мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту, сондай-ақ өндірістің дамуын және инвестициялардың өсуін ынталандыру үшін салық және кеден заңнамасын жетілдіру.

### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Экономиканың даму перспективаларын ескерген және мемлекет пен салық төлеушілер мүдделерінің оңтайлы үйлесуіне бағытталған жаңа Салық кодексі қолданысқа енгізілді. Салық жүктемесін азайту мақсатында 2001 жылы қосылған құнға салық ставкасы 16 пайызға дейін және әлеуметтік салық ставкасы 21 пайызға дейін кемітілді. Ірі салық төлеушілердің мемлекеттік бюджетке үлесін айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік берген олардың электронды мониторинг жүйесі енгізілді. 2001 жылдың басынан бастап "Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілді, ол халықаралық іскерлік операцияларда бағаның пайда болуына мемлекеттік бақылаудың құқықтық құралын белгілеп берді.

### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

2002 жылы мемлекеттік органдардың сыртқы сауда қызметіне орынсыз араласуын болдырмауды және кеден заңнамасының қарапайымдылығын қамтамасыз етуді көздейтін Кеден кодексінің және мұнай өнімдері рыногындағы ахуалды реттеу үшін жағдай жасауды көздейтін "Мұнай өнімдерінің жекелеген

түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Заңның жобалары әзірленетін болады.

Үкімет 2002 жылы кеден баждарының ставкаларын бірдейлендіретін және төмендететін болады, сөйтіп, тауарларды жасырын әкелу және әкету жағдайларын болдырмайтын экономикалық ынталандырулар жасалады.

Бұдан басқа, кеден төлемдері мен салықтарының төмендеуіне жол бермеу мақсатында әкелінетін тауарлардың кедендік құнын бақылаудың тиімді амалын жасау және енгізу алда тұр.

Салықтық және кедендік әкімшілік жасаудың негізгі процестерін автоматтандыру аяқталады, атап айтқанда мыналар енгізіледі:  
2002 жылдың соңына дейін:

Қазақстан Республикасының ықпалдастырылған салықтық ақпарат жүйесінің бірінші кезегі;

салық аудитін электронды бақылаудың ақпарат жүйесі;  
Кедендік автоматтандырылған ақпарат жүйесінің екінші кезегі;  
2003 жылдың ішінде:

Қазақстан Республикасының ықпалдастырылған салықтық ақпарат жүйесінің екінші кезегі;

"Салықтық есеп берудің электронды нысандары" ақпарат жүйесі;  
"Қосылған құнға салықты төлеушілерді тіркеу. Қосылған құнға салынатын салықпен жазылған шот-фактуралар тізілімін қабылдау және өндеу жүйесі" ақпарат жүйесі;

"Төлем көздерінен алынатын жеке тұлғалардың кірістерін есепке алу" ақпараттық жүйесі.

2003 жылы ұлттық ресурстардың есебін жүргізу үшін жауапты мемлекеттік органдар Салық төлеушілер мен салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін енгізетін болады.

Инвестициялардың өсуін ынталандыру үшін амортизациялық саясатты жетілдіру және елдегі негізгі қорлардың нақты жай-күйін анықтау мақсатында 2003 жылы негізгі құралдарды зерттеу жүргізу жоспарланып отыр, соның нәтижелері негізінде салық салу мақсаттары үшін амортизацияның шекті нормаларын нақтылау жөнінде ұсыныстар енгізіледі.

Есепке алу-бақылау таңбаларын пайдалана отырып, алкоголь өнімдерінің есебін жүргізудің ақпарат жүйесі енгізіледі.

Мемлекет пен жер қойнауын пайдаланушылар экономикалық мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізу мақсатында Үкімет жер қойнауын пайдаланушылармен келіссөздерді жалғастырады және жасалған келісім-шарттардың жекелеген ережелерін өзгерген экономикалық жағдайларды ескере отырып, нақтылайтын болады.

## 4.3. Бюджет саясаты

### Мақсаттары

Стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлауды үйлестіру, барлық деңгейдегі бюджеттер мен бюджетаралық қатынастардың тұрақтылығы мен ашықтығын арттыруға, бюджеттерді жоспарлау және олардың атқарылуы процестерінің тиімділігін көтеруге бағытталған бюджет жүйесін жетілдіру.

### Алғышарттар

Бюджет жүйесін жетілдіруге бағытталған жұмыстар шеңберінде бюджет шығыстары ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға және даму бағдарламаларына бөлінген, инвестициялық жобалар ұғымы және оларды бюджетке енгізу тәртібі айқындалды. Бюджет процесіне қатысушылардың әрқайсысының оның барлық деңгейіндегі қызметі мен өкілеттіктері айқын анықталды; тұрақты негізде жұмыс істейтін әрі мемлекеттік және салалық бағдарламалар жобаларын қарайтын бюджеттік комиссиялардың нақты мақсаттары мен міндеттері белгіленді.

Бірқатар нормативтік құқықтық актілер қабылданды әрі есептілік, қаржылық және қазынашылық бақылаудың тиісті жүйелері жасалды.

Пилоттық аймақтарда Қазынашылықты жаңғырту жобасы енгізіледі.

Жинақтау және тұрақтандыру функцияларын орындайтын Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры, сондай-ақ бюджет ақшасының есебінен инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде оператор болатын Даму Банкі құрылды.

### Шешу жолдары

Ағымдағы жылдан бастап орта мерзімді индикативті жоспарды әзірлеу жылжымалы үш жылдық негізде оны үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджет көрсеткіштерін қалыптастыру мерзімдерімен байланыстыра отырып, жүзеге асырылатын болады.

2002 жылы бюджет жүйесін жетілдіру жөніндегі негізгі күш-жігер орта мерзімді кезеңде тұрақтылық, ашықтық және болжамдылық қағидаттарына негізделген бюджетаралық қатынастардың сапалық жаңа жүйесін қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың барлық деңгейінде заңнамалық бекітілген функциялардың қаржылық қамтамасыз етілуіне бағытталады. Бұл үшін бюджеттік жоспарлаудың және мемлекеттік органдар қажеттіліктерін нақты бағалаудың негізі ретінде ағымдағы шығындар бойынша шығыстар нормалары мен нормативтері жетілдіріледі.

Көзделіп отырған шығыстар көлемінің қабылданған мемлекеттік және салалық бағдарламаларды бюджет мүмкіндіктерімен сай келуін қамтамасыз ету мақсатында 2002 жылы оларды ревизиялау мен жүйелеу жөнінде жұмыс жүргізіледі, сондай-ақ бағдарламалық құжаттарды қалыптастыруға жаңа

көз қарастар

пысықталады.

2002 жылы бюджетті қалыптастыру және атқару жөніндегі нормативтік база жетілдіріледі, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың әдіснамалық және әдістемелік жұмыстарының, жергілікті жерлерде түсіндіру жұмыстарының және қабылданатын шешімдердің сапасын көтеру жөнінде шаралар қабылданады.

Ағымдағы жылы Қазынашылықты жаңғырту аяқталады.

2003-2004 жылдары мынадай шаралар қолға алынады:

бюджет процесінің барлық деңгейінде және кезеңінде бюджеттік бағдарламалау әдістерін одан әрі енгізу;

дамуға бағытталған бюджеттің шығыстарын қалыптастырудың жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында орталық және жергілікті атқарушы органдар арасындағы өкілеттіктерді бөлуді ескере отырып, инвестициялық, оның ішінде бюджет қаражаттары есебінен іске асырылатын жобаларды дайындау, қарау, іріктеу процесін ретке келтіру;

үкіметтік қарыз алу құнының жеткен деңгейін және пайдаланылып отырған қаржы құралдарының құрылымын ескере отырып, республиканың экономикалық қауіпсіздігінің жол берілетін өлшемдері шегінде ұтымды да тиімді үкіметтік қарыз алуды, сыртқы қарыздар есебінен инвестициялық жобалар бойынша консультациялық, әкімшілік және операциялық шығыстарды оңтайландыруды жүзеге асыру жөнінде жұмыс жүргізу;

шетелдік озық тәжірибені пайдалана отырып, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін институционалдық, құрылымдық, материалдық-техникалық жаңғырту ж ә н е к ү ш е й т у ;

мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы жетілдіру және Мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес оның қолдану саласын акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарға кеңейту.

#### **4.4. Инвестициялық саясат**

##### **М а қ с а т т а р ы**

Экономикаға инвестицияларды тартудың жоғары деңгейіне қол жеткізу және оларды тиімді пайдалану, экономиканың басым секторларына инвестициялардың көлемін ұлғайту, республиканың салалары мен аймақтары бойынша инвестициялар тарту көлеміндегі сәйкессіздікті кеміту.

Басты басымдықтар инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың ашықтығы, салалық басымдықтарды белгілеу және инвесторларға берілетін кепілдіктер жүйесін оңтайландыру болады.

Мемлекеттік инвестициялардың міндеті тиісті инфрақұрылымдарды

қалыптастыру жолымен экономиканың дамуы үшін жағдайлар жасау. Мемлекеттік инвестициялар экономиканың жеке бизнес үшін тартымсыз секторларына бағытталады.

Алдағы кезеңде мемлекеттік инвестициялардың басымдықтары көлік-коммуникация кешенін, ең алдымен көлік инфрақұрылымы, сумен жабдықтау объектілерін нығайту мен дамыту және электр энергиясын тасымалдау, агроөнеркәсіп кешенін қолдау, ауылдың, экологияның инфрақұрылымдарын дамыту, әлеуметтік секторды өркендету, басқарудың мемлекеттік органдарын институционалдық күшейту және Астана қаласын дамыту.

Тікелей инвестициялардың міндеті қызметтің басым түрлеріне инвестициялар ағыны үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру, капиталдың кету көлемін кеміту, оны кері қайтару; экономиканың барлық саласын теңдестіре дамыту мақсатында өндіріс құрылымдарын саралау әрі отандық және шетелдік инвестициялардың ғылымды қажетсінетін технологиялар мен өңдеуші секторларға ағынын ұлғайту болып табылады.

### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Қазақстан Республикасында тұтасымен алғанда қолайлы инвестициялық ахуал қалыптасқан. "Инвестициялар туралы" Заң жобасы әзірленді, оның, сондай-ақ инвестициялық қызметті реттейтін бірқатар нормативтік құқықтық актілердің қабылдануымен отандық және шетелдік инвесторлар үшін тең жағдайлар заң жүзінде бекітіледі.

Елдің ішкі рыногында бірнеше ірі әлеуетті инвестициялық ресурстар көзі: Қазақстан Даму Банкі, екінші деңгейдегі банктер шоттарының депозиттерінде ақша қаражаты, зейнетақылық және басқа да қаржылық активтер қалыптасты.

### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

Алдағы кезеңде Үкімет мыналар үшін жағдайлар жасауға бағытталған іс-шараларды іске асыруды жалғастырады:

өңдеуші өнеркәсіпке тікелей инвестицияларды тарту, қосылған құны жоғары тауарлар өндірісін дамыту, экспортқа бағдарланған жаңа өндірістерді құру; екінші деңгейдегі банктердің шағын және орта бизнес кәсіпорындарын белсенді несиелеуі;

экономиканың маңызды буыны ретінде қаржы ағындарының инвесторлардан қарыз алушыларға ұйымдасқан түрде ауысуын қамтамасыз етуші қор рыногының қалыптасуы.

2002 жылы республикалық және жергілікті инвестициялық, оның ішінде мемлекеттік кепілдікпен іске асырылатын жобаларды сараптау мен іріктеу жөнінде регламенттелген рәсімдер белгіленетін болады.

Ағымдағы жылдан бастап мыналарға бағытталған белсенді шаралар қолға

а л ы н а д ы :

экономиканы дамытудың салалық және аймақтық басымдықтарына сәйкес инвестициялық жобаларды алдын ала әрі сапалы әзірлеуді көздейтін салаларда мемлекеттік инвестицияларды жоспарлаудың тұтас жүйесін құру;

республикалық инвестициялық, оның ішінде мемлекет кепілдігімен іске асырылатын жобалардың және инвесторлардың келісім-шарттық міндеттемелерінің іске асырылуына мониторингті күшейту;

Қазақстан Даму Банкінің инвестициялық мүмкіндіктері мен қаражатын тиімді де ұ т ы м д ы п а й д а л а н у .

Үкімет 2003-2004 жылдары мыналарды қамтамасыз етеді:

"Құрылыс - Пайдалану - Беру" (ВОТ) қағидаты бойынша инвестициялық ынтымақтастықтың баламалы нысанын енгізу;

тәуекелдерді мейлінше азайтуды да, салымдардың жоғары тиімділігіне қол жеткізуді де қамтамасыз етуші ретінде инвестициялық салаға жинақтаушы зейнетақы қорларының қаражатын және почталық-жинақтаушы жүйенің депозиттерін тарту амалдарын жасау.

## **5. Әлеуметтік сала**

### **5.1. Демография және көші-қон**

#### **М а қ с а т т а р ы**

Демография және көші-қон процестеріндегі жағымсыз ағымдарды азайтуға бағытталған саясат жүргізу, ел халқының санын, бірінші кезекте отбасы мен ана болуды қолдаудың нақты амалдарын жасау жолымен көбейту үшін негіздер жасау, гендерлік тепе-теңдікке қол жеткізу.

#### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Соңғы жылдары республикада демографиялық ахуал салыстырмалы түрде тұрақталуымен сипатталады. Туудың біршама өсу ағымы байқалды, балалар мен аналардың өлімі азайды, көші-қонның теріс сальдосы едәуір қысқарды.

Сонымен қатар, сақталып отырған туудың төмен деңгейі, оралмандарды әлеуметтік қорғау мен бейімдеуді қамтамасыз ету бойынша орын алып отырған проблемалар, отбасы және ана болу мәртебесінің кемуі қоғамның алаңдаушылығын туғызып отыр әрі осы проблемаларды шешу жөнінде пәрменді шаралар мен іс-шаралар әзірлеуді қажет етеді.

Отбасын, балалар мен ана болуды қолдау жүйесі көп балалы аналар мен аз қамтылған отбасыларына жәрдемақылар беруді реттейтін заңнамаға негізделеді.

Отбасының әйелдер мен балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізілді. Жастардың

отбасын жоспарлау жүйесі жетілдіріледі.

Отбасының, балалар мен әйелдердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізілді. Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспары әзірленген және іске асырылуда. Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйыммен бірлесіп, Әйелдерді сатудың алдын алу жөніндегі жоба іске асырылып жатыр.

Оралмандарға (репатрианттарға) әлеуметтік көмек көрсету жүйесі жетілдіріліп, оларды бейімдеуге және оқытуға зор көңіл бөлінуде.

### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

Аналар мен балалардың өлімін азайту мақсатында ана мен баланы материалдық қолдау және дені сау балаларды тууды ынталандыру жөнінде шаралар қабылданып болады.

Жас отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету жүйесін жасау үшін 2002 жылдың соңына дейін ипотекалық несиелеуді дамыту және арзандату жөнінде шаралар әзірленеді.

2002 жылы Үкімет көшіп келушілердің (оралмандардың) құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі жұмысты жалғастыру ниетінде. Сонымен бір мезгілде негізделген квота белгілеу жолымен көшіп келуді реттеу кезінде мемлекеттік мүдделердің сақталуын ескеру көзделеді. Үкімет отандастардың қайта оралуына, олардың орналасуына және жергілікті жағдайларға бейімделуіне жәрдемдесетін болады.

2003 жылдың соңына дейін келешекте халықтың ішкі көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу үшін оның проблемаларына талдау жасалады.

Жастарды отбасылық өмір сүруге тәрбиелеуді және дайындауды жақсарту, отбасын жоспарлау мәселелерінде оларға көмек көрсету үшін 2003 жылдан бастап бұл мәселелер жоғарғы сыныптардың міндетті мектеп бағдарламасына бірте-бірте енгізілетін болады.

Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінде аймақтар арасында орын алып отырған әркелкілікті кеміту, сөйтіп ішкі көші-қонды азайту мақсатында 2003 жылдан бастап проблемалы шағын қалалар мен тоқырауға ұшыраған ауылдық аудандарға өндірістерді қалпына келтіруге, инфрақұрылымды нығайтуға және оларда тиісінше халықтың тұрмыс деңгейін жақсартуға септігін тигізуші маңызды инвестициялық жобаларды іске асыру жолымен іріктелген қолдау көрсетіледі.

Жетім балаларға арналған дәстүрлі көп орынды балалар үйлерін отбасылық үлгідегі балалар үйлеріне одан әрі айналдыру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.



мектептерді қаржыландыру проблемаларын шешуге бағытталған білім беру жүйесін қаржыландырудың нормативтік әдістерін енгізу басталады. 2003 жылы бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын әзірлеу және енгізу аяқталады.

Тұтас алғанда 2002-2004 жылдары мемлекеттік білім беру қызметтеріне тең қол жетімділікті, бастауыш және орта кәсіптік білім беру жоғары оқу орындарының қолдағы бар желісінің сақталуын, оның одан әрі дамуын қамтамасыз етуші шаралар әзірленеді.

Еңбек рыногында бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында 2003 жылы еңбек рыногының кәсіптер бойынша перспективалық қажеттіліктері туралы халықтың хабардарлығы жүйесі әзірленетін болады. Мамандықтар мен мамандандыру да, аймақтық ерекшеліктер де қимасында кадрлар дайындауды болжамдау бөлігінде кадрларды жоспарлау мәселелерінде әдіснамалық көзқарастар әзірленеді.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік қорғалуын күшейту мақсатында 2003 жылы арнаулы түзеуші білім беру ұйымдары желісін дамыту мен нығайту, оларды оқыту мен тәрбиелеу үшін қажетті жағдайлар жасау жөнінде шаралар қабылданады.

Жоғары білім беру ұйымдарының нормативтік құқықтық базасын, олардың меншік нысанына қарамастан лицензиялау, аттестаттау мен мемлекеттік тіркеу технологиясын жетілдіру жалғастырылатын болады.

Жалпы білім беретін мектептер үшін, әсіресе ауылдық жерлерде жаңа осы заманғы ғимараттар салу жөніндегі, белгіленген кепілді мемлекеттік нормативтерге сәйкес білім беру ұйымдары желісін дамыту жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Мамандар дайындау жөніндегі мемлекеттік тапсырыста шағын жалпы білім беретін мектептер үшін кіріктірілген курстар бойынша мұғалімдер дайындауға айрықша назар аударылады. Аудандық білім беру бөлімдері жанында әдістемелік қызметтер қалпына келтіріледі және кеңейтіледі, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мен қайта даярлау курстарынан өтуі қамтамасыз етіледі.

Мұғалімдерді, әсіресе ауылдық жерлерде жұмыс істейтіндерін тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар пысықталады.

### **5.3. Денсаулық сақтау**

#### **Мақсаттары**

Медициналық қызметтердің сапасын және оларға қол жетімділікті арттыру арқылы аурушаңдық деңгейін нақты төмендету.

#### **Алғышарттар**

Денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі жай-күйі саланы реформалаудың

бірмәнді емес процестерімен сипатталады.

Отбасылық дәрігер амбулаториялары институты құрылды, ауылда фельдшерлік-акушерлік пункттерді қалпына келтіру жүргізілуде, медициналық қызметтердің мемлекеттік емес рыногы, фармацевтикалық қызметтер рыногы белсенді жұмыс істеуде. Денсаулық сақтау органдары мен мекемелері халықты вакцинациялау жөнінде жүргізіп отырған мақсатты жұмыстың нәтижесінде барлық вакцинамен басқарылатын жұқпалы аурумен сырқаттанудың төмендегені б а й қ а л а д ы .

2002 жыл Денсаулық жылы деп жарияланды.

### Ш е ш у ж о л д а р ы

Үкімет медициналық қызметтер рыногында қаржылық құралдарды жетілдіру, медициналық қызметтерге әсіресе, ауыл тұрғындарының қол жеткізуін қамтамасыз етуді жақсарту, салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі іс-шараларды жандандыру саясатын жүргізу ниетінде.

Қағидатты ұстаным ауыл халқын медициналық қызметтермен толық қамтуды , сондай-ақ алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету объектілері мен диагностикалық орталықтардың желісін сақтауды және дамытуды қамтамасыз е т у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Үкімет 2002 жылы Денсаулық жылын өткізу жөніндегі іс-шаралардың бүкіл кешенін іске асыруды ерекше бақылауға алады.

Ағымдағы жылдан бастап халық денсаулығын төлқұжаттау және оны ұдайы диспансерлеу жолымен одан әрі қолдау жүргізіледі.

2003 жылдан бюджет қаражатын медициналық қызметтердің кепілді көлемін қамтамасыз етуге бөлудің нормативтік әдісі енгізіледі. 2003-2004 жылдары медициналық сақтандыру жүйесі енгізіледі.

2002 жылы медициналық көмектің әрбір деңгейі үшін сапа көрсеткіштерін белгілеуді қамтитын сапаны басқару жүйесін жетілдіру жалғастырылады.

Алдағы кезеңде республика аумағына сапасыз әрі халықтың денсаулығы үшін қауіп төндіретін өнімдерді әкелуге жол бермеу жөнінде шаралар қабылданады.

Аса қауіпті жұқпалы ауруларды әкелуден және олардың таралуынан республика аумағының қауіпсіздігін, сондай-ақ аса қауіпті жұқпалы аурулардың табиғи ошақтары бар аймақтарда қауіпсіздікті; радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін аймақтарда санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды б а қ ы л а у к ү ш е й т і л е д і .

Медициналық қызметкерлердің науқастың денсаулығына зиян келтіргені үшін жауаптылығы шараларын белгілеу, көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын бақылау жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар пысықталады.

Отандық фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамытуды

ынталандыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

## 5 . 4 . М ә д е н и е т

### М а қ с а т т а р ы

Бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістікті нығайту, тарихи-мәдени мұраларды сақтау мен өркендету, кәсіби өнер мен халық шығармашылығының дамуы жағдайларын қамтамасыз ету, теңдестірілген тіл саясатын және әлеуметтік бағдарланған жастар саясатын жүргізу арқылы қоғамның рухани әлеуетін іске қ о с у .

### А л ғ ы ш а р т т а р

Бүгінгі күні Мәдениетті қолдау жылы қол жеткізілген оң ағымдар сақталды әрі даму үстінде. Тілдердің қолданылуы мен дамуы саласында нормативтік құқықтық база жасалды. Бұқаралық ақпарат құралдары саласы серпінді даму алды. Мемлекеттік жастар саясатының басымдықтары анықталды.

### Ш е ш у ж о л д а р ы

Мәдениет салалары мен бұқаралық ақпарат құралдарын нормативтік-құқықтық, институционалдық, ұйымдық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру мен жүйелеу жөніндегі шаралар кешені іске асырылатын болады. Бірінші кезекте 2002 жылы Телерадио хабарларын дамыту бағдарламасын қабылдау және кейінгі жылдары оны кезең-кезеңімен іске асыру, 2003-2004 жылдары мәдениет мәселелері бойынша заң жобалары топтамасын әзірлеу о с ы ғ а н б а ғ ы т т а л а д ы .

Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтау жөніндегі жұмыстар аясында Ескерткіштер жинағын құрастыру жалғастырылады. Қазақстан өнері мен мәдениетін дамыту тұжырымдамасы әзірленеді, театрлардың, мұражайлардың, кітапханалардың, мемлекеттік мұрағаттардың және ұлттық кинокомпанияның желісін кеңейту әрі материалдық-техникалық базасын жаңғырту көзделеді. Ауылда мәдени-демалыс жұмысы одан әрі қайта түлейді және даму алады. Шет елдерде Мәдениет күндерін өткізу, қазақстандық әртістердің түрлі фестивальдар мен конкурстарға қатысуы, гастрольдер алмасуды жүргізу, шекара маңында мәдени ынтымақтастық бағдарламаларын іске асыру Қазақстанның халықаралық мәдени байланыстарын кеңейтеді әрі абыройын арттырады. Мәдениет пен өнердің білікті кадрларын дайындауға жүйелі сипат беріледі.

Этникааралық қатынастарды одан әрі үйлесімді ету, тілдердің дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау мемлекеттік ұлт саясатының басымдықтары болып қала береді. Қазақ халқы басым облыстарда іс қағаздарын жүргізуді 2002 жылы мемлекеттік тілге көшіруді жалғастыру, Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын орындау үшін 2003-2004 жылдары бірқатар

нормативтік құқықтық актілерді қабылдау мемлекеттік басқару саласында мемлекеттік тілдің орнын нығайтуға ықпал ететін болады. 2003-2004 жылдары қазақ тілінің терминологиялық базасын дамытудың тұжырымдамалық негіздері әзірленеді және оларды іске асыру жөнінде жүйелі шаралар қабылданады. 2002 жылы Қазақтардың дүниежүзілік II құрылтайын өткізу, 2003-2004 жылдары Отандастарды қолдау бағдарламасын әзірлеу және іске асыру шет елдердегі қазақ диаспорасының мәдени, рухани және тілдік қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталады.

Жас ұрпақты адамгершілік және отаншылдық тұрғыда тәрбиелеу, жастардың мүмкіндігін ашу үшін жағдайлар жасау және оларға кепілдік беру, жастардың әлеуметтік мәнді және қоғамдық пайдалы бастамаларына қолдау жасау мақсатында 2002 жылы мемлекеттік жастар саясатының қағидаттары мен бағыттарын заңнамалық тұрғыдан бекіту қамтамасыз етіледі және 2003-2004 жылдары оны іске асырудың бағдарламалық тетіктері әзірленеді.

## **5.5. Спорт, туризм және салауатты өмір салты**

### **Мақсаттары**

Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты, жоғары жетістіктер спортын дамыту, жоғары шеберлікті спортшылар даярлауға арналған осы заманғы база, дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыстарының кең желісін жасау.

Туристік саланы экономиканың кірісті саласына айналдыру.

Салауатты өмір салтына жаңаша көзқарасты қалыптастыру арқылы халықтың денсаулығын нығайту.

### **Алғышарттар**

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Балалар-жасөспірімдер спорт мектептері және спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар желісі кеңейінің, дене шынықтыру және спортпен айналысушылар саны өсуінің тұрақты үрдісі байқалуда. Тек 2001 жылы ғана 32 спорт мектебі ашылды, оларда оқитын оқушылар саны 30 мыңнан астам адамға көбейді.

Республикада бірегей табиғи жағдайлардың, сәулеттік, мәдени-тарихи ескерткіштердің және табиғи-рекреациялық ресурстардың болуы.

Салауатты өмір салты елдің стратегиялық дамуы басымдықтарының бірі ретінде белгіленген, салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде өткізіліп жатқан іс-шаралар саны арта түсуде.

### **Шешу жолдары**

Алдағы үш жыл ішінде мыналар жасалады:

жазғы және қысқы спорт түрлері бойынша республикалық олимпиадалық дайындық орталықтарын, бұқаралық дене шынықтыру мен жоғары жетістіктер спортының проблемалары жөніндегі ғылыми-зерттеу институтын құру;

ұлттық спорт түрлері мен халықтық ойындарды дамыту жөнінде насихатты кеңейту, жазғы кезеңде балалар мен жеткіншектердің спорт-сауықтыру лагерьлерінде және тұрғылықты жерлері бойынша демалысын ұйымдастыру, балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, жеткіншектер спорт клубтары желісін дамыту жөнінде іс-шаралар жүргізу;

туристік саланы мемлекеттік реттеу мен дамыту жүйесін жетілдіру әрі туристерге қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін туристік қызметтерді және стандарттарды сертификаттаудың жаңа жүйесін әзірлеу;  
туризм саласына инвестициялар тарту;

елдің туристік ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану, шет елдерде мемлекеттің туристік беделін қалыптастыру мен нығайту әрі әлемдік рынокқа ұлттық туристік өнімді ілгерілету жөнінде шаралар қабылдау.

2002 жылы салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметінің құрылымы жетілдіріледі, Денсаулық орталықтары құрылады және нығайтылады, алғашқы медициналық санитарлық көмек мекемелерінің 40 пайызы үшін тиісті мамандар даярлау қамтамасыз етіледі, Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының "Салауатты жұмыс орындары" жобасын енгізу жүзеге асырылады.

2003 жылы салауатты өмір салтын қалыптастырудың аудандық орталықтарын, осы бағытта көрнекі және ақпараттық-білім беру материалдарын дайындау орталығын қамтитын салауатты өмір салтын ұйымдастыру және қамтамасыз ету жүйесі жасалады, алғашқы медициналық санитарлық көмек мекемелерінің 70 пайызы үшін мамандар даярлау қамтамасыз етіледі, Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының "Денсаулық университеттері", "Денсаулық қалалары" жобаларының желісі кеңейтіледі.

2004 жылы жоғары медицина оқу орындары мен дәрігерлердің білімін жетілдіру институты жанынан сауықтыру кафедраларын құру аяқталады, халықты салауатты өмір салты мәселелері бойынша мейлінше ақпараттық қамту қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

## **5.6. Жұмыспен қамту және еңбек**

### **М а қ с а т т а р ы**

Жұмыспен қамту саласында елдің экономикалық дамуына сәйкес белсенді саясат жүргізу. Жұмыс орындарын сақтау және жаңаларын құру, еңбек рыногының қажеттіктеріне сәйкес жұмыссыздардың кәсіби дайындығын арттыру және оларды қайта даярлау, қоғамдық жұмыстарды кеңейту әрі оларды жол

салуға, ағаш егуге қайта бағдарлау және аймақтардың, әсіресе ауылдың инфрақұрылымын дамыту, еңбек қатынастарын заңдастыру.

Әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ету, ұжымдық еңбек даулары мен жанжалдарын шешу, еңбек құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету және олардың әлеуметтік қорғалуын жүзеге асыру үшін әлеуметтік серіктестікті дамыту.

### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Кейінгі уақытта экономикалық процестердің тұрақтануы тұрғысында жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі және жұмыспен қамтылған халықтың көбеюінің тұрақты үрдісі байқалуда. Жұмыссыздарды еңбекке орналастыру және әлеуметтік қорғау жүйесін реттеуші негіз қалайтын нормативтік құқықтық актілер әзірленді.

Еңбек қатынастары және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету саласында ағымдағы ахуал еңбек заңнамасының сақталуын бақылау жүйесін құрумен, Еңбек қатынастарын реттеу саласындағы үш жақты комиссияның белсенді жұмысымен сипатталады.

### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

Алдағы жылдар ішінде жұмыссыздарды кәсіптік оқыту арқылы еңбек рыногында олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ақы төленетін қоғамдық жұмыстардың түрлері мен нысандарын жетілдіру, оларға экономикалық орындылық сипатын беру жөнінде шаралар қолға алынатын болады.

Кедейлік пен жұмыссыздық деңгейлерінің мониторингі жалғастырылады. 2002 жылы қосымша жұмыс орындарын құру, республикаға шет елдік жұмыс күшін тарту кезінде қазақстандық азаматтарды даярлау мен қайта даярлау жөніндегі ақпараттық база жасалады.

2002-2003 жылдары мыналарды реттеуге бағытталған еңбек заңнамасын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар іске асырылады:

қысқа мерзімді жеке және ұжымдық шарттар мерзімдері; зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында еңбек уақытынан тыс жұмыс көлемі;

жүкті және бала емізетін әйелдердің еңбек жағдайлары; қызметкердің жұмыс берушімен жеке еңбек шартын жасасу тәртібі.

2003 жылдан бастап жұмыс берушілер мен қызметкерлердің республикалық бірлестіктері және басқа да қоғамдық ұйымдар өкілдерінің жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысуы қамтамасыз етіледі.

2003 жылы еңбек және әлеуметтік жанжалдарды шешуде әрі реттеуде делдалдық институтын дамытуға септік жасау жөнінде Шаралар әзірленеді.

2003-2004 жылдары еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру, мемлекеттік бюджет

есебінен қамтылған қызметкерлерге еңбекақы төлеу мәселелерін салалық реттеуден оны азаматтық қызмет туралы бірыңғай заңнама шеңберінде реттеуге көшу жалғастырылады.

## **5.7. Әлеуметтік қорғау**

### **М а қ с а т т а р ы**

Еңбек белсенділігін ынталандырушы, еңбекке жарамсыз және тұрмысы төмен адамдарды қолдауды қамтамасыз ететін, Халықты әлеуметтік қорғау жүйесін ж е т і л д і р у .

### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Әлеуметтік қорғау жүйесінің қазіргі жай-күйі мемлекеттік басқару деңгейлері бөлінісінде мемлекет міндеттемелерінің теңдестірілуімен, зейнетақылар мен жәрдемақылардың уақтылы төленуімен, атаулы әлеуметтік көмек жүйесінің енгізілуімен сипатталады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жасалды, заттай жеңілдіктер орнына жәрдемақылар төлеу жүйесі енгізілді, әлеуметтік төлемдер ж ү й е с і а в т о м а т т а н д ы р ы л д ы .

Дегенмен, өмір сүрудің төмен деңгейі, әлеуметтік төлемдер мен жалақы мөлшерлерінде орын алып отырған сәйкессіздік, зейнетақы жинақтарының сақталуы және азаматтарды зейнетақы жүйесіне тарту проблемалары таяу жылдарда ш е ш у д і т а л а п е т е д і .

### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

Алдағы кезеңде зейнетақы төлемдерінің мөлшерлерін жыл сайын көтеру жөніндегі жұмыс жалғастырылады, атаулы әлеуметтік көмек көрсету бірінші кезекте еңбекке жарамсыз азаматтарға жүргізілетін болады. Тұрмысы төмен адамдар арасынан еңбекке жарамды халық жұмыс орындарымен, шағын несиелермен қамтамасыз етіледі және оқумен әрі қоғамдық жұмыстармен қамтылады. Атаулы әлеуметтік көмекті бөлу кезінде учаскелік комиссиялардың рөлі күшейеді және оларға қоғамдық ұйымдардың қатысуы қамтамасыз етіледі. Елде кедейлікті азайту жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Осыған байланысты Үкімет 2002 жылы азаматтардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу, базалық білімге және денсаулық сақтау қызметтеріне қол жеткізуді жақсарту әрі әлеуметтік көмектің атаулылығын арттыру және басқа да шараларды іске асыру жолымен осы проблеманы шешудің кешенді қадамдарын көздейтін Қазақстан Республикасында кедейлікті азайтудың 2003-2005 жылдар кезеңіне арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлейді.

2002-2004 жылдары әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің жалақысы мөлшерлерін кезең-кезеңмен көтеру жалғастырылады. Зейнетақы мен жалақының ең төменгі мөлшерлері арасындағы а л ш а қ т ы қ ж о й ы л а д ы .

Әлеуметтік тәуекелдер туындағанда халықты әлеуметтік қорғаудың негізгі құралы әлеуметтік сақтандыру болады. 2003 жылдан бастап еңбекке жарамдылығын жоғалту жағдайында (уақытша еңбекке жарамдылықты жоғалтуды қоспағанда), асыраушысынан айрылу жағдайында міндетті әлеуметтік сақтандыруды енгізу көзделіп отыр. Ерікті әлеуметтік сақтандыру да көтермеленетін болады.

Ең төменгі мемлекеттік кепілдіктерді, міндетті әлеуметтік сақтандыру схемасын және ерікті сақтандыру схемасын қамтитын халықты әлеуметтік қорғаудың үш деңгейлі жүйесі жасалады. Әлеуметтік қорғаудың ең төменгі мемлекеттік кепілдігін берумен қатар халықтың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетудің қосымша нысандары дамытылады.

Азаматтарды сәйкестендіру жүйесі жетілдіріледі және азаматтардың әлеуметтік жеке кодтарын қолдану саласы кеңейтіледі.

Зейнетақы заңнамасын одан әрі жетілдіру міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына уақтылы аударуды, зейнетақы жинақтарының және азаматтардың инвестициялық табыстарының сақталуын бақылаудың нақты жүйесін жасауға мүмкіндік береді.

## **6. Нақты сектор**

### **Негізгі бағыттары**

Жоғары технологиялы және ғылымды қажетсінетін өнімдер үлесі басым бәсекеге қабілетті өндірістерді құру негізінде өнеркәсіп кешенінің дамуын т ұ р а қ т а н д ы р у .

Экономиканың қызмет көрсетуші және өңдеуші секторларының дамуы үшін минералдық-шикізат кешеніне түсетін инвестициялардың мультипликативті тиімділігін ұлғайту жөніндегі шараларды іске асыру.

### **Шешу жолдары**

Осы заманғы жаңа өндірістерді құру, шикізаттың өңделу тереңдігі мен кешенділігін арттыру, әлдеқайда жоғары техника-технологиялық деңгейге шығу.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық жаңалау, сондай-ақ өнеркәсіптің шикізаттық емес салаларында бәсекеге қабілетті жаңа тауарлар шығаруды ұйымдастыру.

Инфрақұрылымның және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өндірістердің озық дамуы.

#### **6.1. Минералдық-шикізат кешені**

#### **Мақсаттары**

Қазақстан Республикасының барланған пайдалы қазбаларының қорларын толықтыруды қамтамасыз ететін минералдық-шикізат ресурстарын мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру және оларды пайдаланудың тиімділігін арттыру.

Елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурс базасын нығайту мен дамыту және жер қойнауын қорғау.

Көмірсутегі шикізатын өндіру көлемін және экономиканың мұнай-газ саласының кірістілігін арттыру.

Газ экспортын ұлғайту және ішкі рынокта қажеттілікті қамтамасыз ету мақсаттарында газды ұтымды кәдеге жарату әрі өңдеуші қуаттарды ұлғайту, магистральды газ құбырларын жаңғырту жөнінде шаралар қабылдау.

Мұнай өндіру кезіндегі ілеспе газдың шығынын азайту, жаңа кен орындарын пайдалануға беру және көрші елдермен өзара газ беру жөнінде айырбас операцияларын жүзеге асыру есебінен газ импортына тәуелділікті кеміту.

Базалық мұнай-химия шикізаты өндірісі үшін алғышарттар жасау.

### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Мұнай-газ өнеркәсібі және кен-металлургия кешені өнеркәсіптің аса ірі және серпінді дамушы салалары болып табылады.

Мұнай-газ саласында мұнай өндіру өсімі тұрақты қамтамасыз етіліп келеді.

Теңіз-Новороссийск экспорттық мұнай құбыры (КҚК) пайдалануға берілді.

Каспий қайраңының қазақстандық секторында аса ірі мұнай-газ кен орны ашылды.

Газ саласын өркендетудің 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасы және Елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурс базасын дамыту бағдарламасы қабылданды.

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясының республиканың мұнай-газ секторындағы рөлі күшейді.

Түсті металдардың негізгі түрлерін өндіру, қара металлургияда қақтаманың көлемі ұдайы артып келеді.

### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

Геология мен жер қойнауын пайдалануда

Алдағы кезеңде ресурс базасының озық дамуын қамтамасыз ететін жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу және геологиялық барлау, соның ішінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен барлау жұмыстарын жүргізу кеңейеді; жер қойнауын пайдалануға және қорғауға, қорларды пайдалануға дайындауға, жер қойнауын пайдаланушылардың геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуін қоса алғанда олардың міндеттемелерін орындауына, жаңа технологияларды енгізуіне бақылау күшейеді.

Жер қойнауын пайдаланудың тиімді жүйесін жасау және Елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурс базасын дамытудың 2002-2010 жылдарға

арналған бағдарламасын іске асыру, кен өндіру кешендері қала құрушы болып табылатын шағын қалаларды өркендету үшін Минералдық шикізаттың дәстүрлі емес және балама түрлерін іздестіру бағдарламасын әзірлеу жоспарлануда.

Жер қойнауын қорғау және ұтымды пайдалану бойынша мемлекеттік бақылау қамтамасыз етіледі.

Жер қойнауын пайдалану құқығын беруді оңтайландыру негізінде жер қойнауын басқару жүйесі жетілдірілуге және лицензиялық-келісім-шарттық шарттарды орындау мониторингінің бірыңғай ақпараттық жүйесі жасалуға тиіс. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану саласында заңнамалық актілерді жетілдіру алда тұр.

Жер қойнауын пайдалану саласында барлау жұмыстарын жүргізуге жеке инвестициялар ағынын ынталандыру жөнінде шаралар қабылданады.

Мұнай-газ саласында

Қарашығанақ, Теңіз және басқа да кен орындарын игеру негізінде көмірсутегі шикізатын өндіру көлемі ұлғаяды.

Каспий қайраңының құрылымдары: Қаламқас-теңізде, Ақтоқтыда, Қайранда мұнай мен газға барлау жұмыстары жүргізіледі.

2003 жылдың басына қарай Каспий қайраңының қазақстандық секторын игерудің және мұнай-газ саласын дамытудың орта мерзімді бағдарламасы әзірленеді.

Баку - Тбилиси - Жейхан, Қазақстан - Түркіменстан - Иран, Батыс Қазақстан - Қытай және басқа бағыттарды қарауды қоса алғанда, келешекте тармақталған перспективалы бағыттарын зерделеу жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Жамбыл облысының Амангелді газ кен орындары тобын игеру жобасы бойынша іс-шаралар жалғастырылады және Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ газ кен орындары тобын барлау мен игеру жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылады.

Арал Теңізі ауданында мұнай мен газға геологиялық барлау жұмыстарын жандандыру алда тұр.

2004 жылы Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта құру аяқталады.

2002 жылдан бастап мұнай-газ секторында, соның ішінде инфрақұрылым объектілерін дамыту мен пайдалану және кен орындарын игеру жөніндегі операциялық шығындар мәселелерін мемлекеттік бақылау күшейтіледі.

Каспий қайраңын игеру жөніндегі жобаларда газды әлдеқайда терең өңдей отырып, кәдеге жарату жөнінде кешенді көзқарас саясатын әзірлеу, сондай-ақ Оңтүстік Торғай ойпаты мұнай-газ кен орнында ілеспе газды кәдеге жарату жөніндегі іс-шараларды орындау жалғастырылады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың газды кәдеге жарату, экологиялық нормаларды және оны жағу тарифтерін енгізу жөніндегі келісім-шарт

міндеттемелерін орындауы жөнінде мұнай компанияларын осы проблеманы шешуге итермелейтін мониторинг пен талаптарды қоюды күшейту көзделуде.

## К е н - м е т а л л у р г и я к е ш е н і

2002-2004 жылдары металлургия, химия және атом өнеркәсібінің шикізат базасын озық дамыту қамтамасыз етіледі.

Мыс және қорғасын-мырыш салаларында кен өндіруші жаңа кәсіпорындарды іске қосу әрі жұмыс істейтіндерін жаңғырту; жұмыс істеп тұрған кен орындары мен кеніштерді ұтымды игеру, сондай-ақ атом өнеркәсібінің кәсіпорындарында қуаттарды еселеумен қатар пайдалануы аяқталған уран кен орындарын тұмшалау мен жою жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Болжанып отырған іс-қимылдар мен жобалардың нақты тізбесі Үкіметтің, министрліктер мен аймақтар әкімдерінің тиісті жоспарларында айқындалады. Бұл ретте мемлекеттік басқару шараларынан басқа жеке меншіктегі объектілерді дамыту мүмкіндігі мен бағыттары ескерілетін болады.

## 6.2. Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі

### М а қ с а т т а р ы

Елдің энергетикалық тәуелсіздігіне қол жеткізу әрі экономика мен халықтың электр энергиясына және көмірге өскелең қажеттілігін тұрақты қамтамасыз ету үшін жағдай жасау.

### А л ғ ы ш а р т т а р

Электр энергетикасында энергиямен тұрақты жабдықтау қамтамасыз етілді. Ресей Федерациясы мен Орталық Азияның энергия жүйелерімен жүйелік байланыстар қалпына келтірілді.

Көмір өнеркәсібінде көмір өндіруші кәсіпорындарды жекешелендіру әрі карьер және шахта қорларын оңтайландыру жөніндегі жұмыс аяқталды. Рентабельді емес шахталар жабылуда. Тұтас алғанда көмір кәсіпорындарының әлеуеті ішкі қажеттілікті қамтамасыз етеді және жыл сайын көмірді экспортқа шығару мүмкіндігі сақталады.

Елдің отын-энергетика теңгерімі әзірленеді.

Ұлттық электр желісін жаңғырту үшін халықаралық қаржы ұйымдарының (ЕДҚБ, ХДҚБ) несие ресурстары тартылады.

Шетелдік инвестицияларды және екінші деңгейдегі банктердің қарыз қаражатын тарту есебінен энергия көздері мен көмір өнеркәсібінің кәсіпорындарын салу және қайта құру жүзеге асырылады.

### Ш е ш у ж о л д а р ы

Алдағы кезеңде Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі отын-энергетика теңгерімін әзірлеу әрі оның негізінде қуаттарды іске қосу, көмір

базасын дамыту, энергетика объектілерін, электр беру желілерін қайта құру мен жаңғырту, сервистік қызмет көрсету саласын кеңейту жөніндегі егжей-тегжейлі іс-шаралар аяқталатын болады.

Саланың заңнамалық базасын электр энергетикасы рыногының осы заманғы жағдайларына бейімдеу мақсатында 2002 жылы "Электр энергетикасы туралы" Заңға өзгерістер енгізіледі.

2003 жылдың соңына дейін Елдің энергетикалық тәуелсіздігінің стратегиясы әзірленеді.

Жаңа өндіргіш қуаттарды іске қосу және пайдаланылмайтын қуаттарға жүктемені арттыру, ілеспе газбен жұмыс істейтін газ турбиналы станцияларды салу және екінші кезекте Солтүстік-Оңтүстік транзитінен электр тарату есебінен батыс және оңтүстік облыстарды энергиямен жабдықтауды тұрақтандыру жоспарланып отыр.

Электр энергиясының көтерме сауда рыногын дамыту, Ұлттық электр желісін жаңғырту, энергия көздері мен таратушы энергия желілерін қайта жаңарту жөніндегі жұмыс жандандырылуда.

2003-2004 жылдары жұмыс істеп тұрған шахталарды техникалық қайта жарақтандыру және Екібастұз көмір кен орнының тиімді жұмыс істеуінің кешенді жоспары, энергетикалық көмір өндірісі кезінде монополизмді еңсеру есебінен көмір өндірудің өсуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Шектес мемлекеттердің энергетикалық рыногына шығу жүзеге асырылатын болады.

### **6.3. Өңдеу өнеркәсібі**

#### **Мақсаттары**

Қосылған құны жоғары, жоғары технологиялы, ғылымды қажетсінетін өнімнің үлесін ұлғайту жолымен Қазақстанда тиімді, теңдестірілген және бәсекеге қабілетті өңдеу өнеркәсібін жедел қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.

#### **Алғышарттар**

2000-2001 жылдары өңдеу өнеркәсібінде өнім өндірісінің тұрақты өсуіне қол жеткізілді. 2001 жылы сала өнімінің өсуі 14,8 пайызды құрады, оның ішінде машина жасауда 1,3 есе.

Соңғы екі жылдың ішінде отандық кәсіпорындар қуатының жүктемесі артты, тоқтап қалған ірі және орта өнеркәсіп кәсіпорындарында жаңа жұмыс орындары құрылды.

Қазақстанның өңдеу өнеркәсібінің жеткілікті ғылыми-техникалық әлеуеті

және оны одан әрі жедел дамыту үшін қажетті шикізат ресурстары бар.

### Ш е ш у ж о л д а р ы

Шикізат өңдеуді тереңдетуді және пайдалы құрамдас бөліктерді алу дәрежесін арттыруды, шығарылатын өнімнің түр-түрлерін ұлғайтуды, оның сапасы мен бәсекеге қабілетін арттыруды қамтамасыз ететін тау-кен металлургиясы, химиялық және мұнай-химиялық бейінді кәсіпорындарды технологиялық қайта жарақтандыруды ынталандыру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Өңдеу өнеркәсібін дамыту технологияларды жаңарту, инновациялық инфрақұрылым, ғылымды қажетсінетін өндірістер құру және оның базасында экономиканың жаңа жоғары технологиялық секторларын кезең-кезеңімен қалыптастыру негізінде техника-технологиялық деңгейді арттыру үшін тікелей инвестицияларды тартуға бағдарланатын болады.

2002 жылы экспортқа бағдарлануды күшейту, кәсіпорындарды өнім сапасының халықаралық стандарттарына және ИСО 9000-14000-ға сай сапаны басқару жүйелеріне көшіруді қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Машина жасауда 2002 жылы қосылған құны жоғары өнім өндірісін ұйымдастыруға бағытталған шаралар бойынша жұмыс жалғасатын болады. Экономика мен көліктің базалық салалары, оның ішінде Қазақстанның солтүстік шығыс аймағы үшін ("Петропавл ауыр машина жасау зауыты", "ЗИКСТО", "Семей машина жасау зауыты", "Шығысмашзауыт"), Павлодардың ("Қазақстантрактор", "Машина жасау зауыты", "Қазэнергиякабель"), Оңтүстік Қазақстан облысының ("Трансформатор зауыты", "Оңтүстік машина жасау зауыты", "Экскаватор"), сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындары үшін машиналар, жабдықтар, аспаптар мен қосалқы бөлшектер шығаратын бірқатар машина жасау кәсіпорындарын оңалту үшін жағдайлар жасауға бағытталған шаралар кешені жүргізілетін болады.

Экспортқа бағдарланған өндірістерді бірінші кезекте дамытуға негізінен көңіл бөлінетін болады.

Мұнай-газ, көлік, тау-кен металлургиясы және ауыл шаруашылығы машинасын жасауды дамыту жөніндегі шаралар әзірленетін және іске асырылатын болады.

Жеңіл, тамақ және ағаш өңдеу өнеркәсібінде 2002 жылдан бастап дамудың негізгі бағыты бәсекелестікті арттыру, тұтыну тауарлары өндірісінің номенклатурасы мен көлемін ұлғайту болады. Салалық бағдарламаларды іске асыру арқылы орта және шағын бизнес субъектілерінің қатысуымен бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді құру жөнінде жұмыс жүргізілетін болады.

Химия және мұнай-химиясы саласында мұнай-химия өнімі мен

тауарларының түр-түрлерін кеңінен ала отырып, көмірсутекті шикізатты тереңдетіп өңдеу жөніндегі қуаттарды құру, химия өнеркәсібі кәсіпорындарының жұмысын жаңарту және дамыту, минералды тыңайтқыштар, синтетикалық жуғыш заттар, құрылыс және әрлеу материалдарын өндіруді ұйымдастыру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Ішкі рынокты мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданатын болады.

"Қазфосфат" ЖШС-ның Шымкент филиалында синтетикалық жуғыш заттар шығару жөніндегі цехтағы; "Ақтал ЛТД" ЖШС-тағы (Ақтау қаласы); "Шымкентшина" ААҚ-тағы (Шымкент қаласы) тоқтап қалған қуаттарды іске қосу жөнінде шаралар жүзеге асырылатын болады.

2003 жылы Атырау қаласында полиэтиленді құбырлар шығару жөніндегі зауыт пайдалануға берілетін болады.

Жақын арада Қаратау қаласында кальцийлендірілген сода өндіру, Павлодар қаласында жаңа хлорлы-сілтілі өндіріс жөніндегі зауыттардың жобалары мен технологиялық бағдарламаларының техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленетін және сараптама жасау аяқталатын болады.

Металлургияда қосылған құны жоғары тауарларды, соның ішінде құбырларды, сорттық прокат, бастапқы өңдеудегі алюминийді және одан жасалатын бұйымдарды, ферроқорытпалардың жаңа түр-түрлерін, сапалы және сомдалған болатты, титанды, бериллийлі, танталды, уранды және басқа да өнімді шығаруды қамтамасыз ететін жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңарту және неғұрлым жоғары технологиялық қайта бөлістері бар жаңа, бәсекеге қабілетті кәсіпорындарын салу көзделіп отыр.

2004 жылы алюминий электролиз зауытының жобалау алдындағы және жобалау жұмыстары аяқталып, оны салу басталады.

2004 жылы "Жәйрем КБК" ААҚ-та темір-марганец өндірісінің бірінші кезегін салуды аяқтау және оны іске қосу жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

## **6 . 4 . Қ ұ р ы л ы с**

### **М а қ с а т т а р ы**

Отандық мердігер құрылыс кәсіпорындарының желісін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық сұранысын қанағаттандыратын құрылыс материалдарын, конструкциялар мен бұйымдар өндіру саласын қамтитын құрылыс кешенін серпінді дамыту үшін жағдайлар жасау.

### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Республикада жаңа тұрғын үй саясатын іске асырудың нормативтік құқықтық базасы жасалды. Тұрғын үй рыногы қалыптасты, тұрғын үй қорының 93 пайызы жеке меншікке тиесілі.

Астана, Атырау, Алматы қалаларын дамытудың бас жоспарлары әзірленді, Қызылорда және Орал қалалары бойынша оларды әзірлеу аяқталу сатысында, елдің 5 мыңнан астам елді мекені бас жоспарлармен қамтамасыз етілген.

2000 жылмен салыстырғанда құрылыс материалдары мен бұйымдары өндірісінің орташа жылдық өсуі шамамен 35 пайызды құрады. Сапасы мен номенклатурасы бойынша импорттық түрлеріне ұқсас отандық құрылыс материалдарын шығару басталды.

Ипотекалық несиелендіру жүйесі кеңінен дамуда, Қазақстандық ипотекалық компания жұмыс істеуде.

### Ш е ш у ж о л д а р ы

2002-2003 жылдары тұрғын үй құрылысының құнын төмендетуге мүмкіндік беретін ғимараттардың жаңа конструкциялары бойынша стандарттар мен нормалар әзірлеу және бекіту негізінде отандық құрылыс материалдары мен бұйымдарын пайдалана отырып, сапалы арзан тұрғын үй салу, сондай-ақ көп пәтерлі арзан тұрғын үйдің жобалық шешімдері үшін нормативтік-техникалық база жасау міндеті алда тұр.

2002 жылдың ішінде мемлекеттің қатысуымен ипотекалық несиелендіру және тұрғын үй-құрылыс жинақтары жүйелерін енгізу жөніндегі нормативтік құқықтық тетіктер әзірленетін болады.

2003 жылдан бастап тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың мүлде жаңа схемасын - құрылыс жинақтары жүйесін практикада байқау көзделуде. Елдің неғұрлым ірі аймақтарында ипотекалық несиелендіру жүйесін енгізу жоспарланып отыр.

"Жылжымайтын мүліктің ипотекасы туралы", "Тұрғын үй қатынастары туралы" Z970094\_ заңдарға және басқа да тұрғын үйді несиелендіру жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің қолданылуын жандандыруды ынталандыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделіп отыр.

Әзірленіп отырған Энергия ресурстарын үнемдеу тұжырымдамасы шеңберінде азаматтық-тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық объектілерін жобалау, салу кезінде озық стандарттардың энергиялық тиімді өлшемдерін енгізу арқылы тұрғын үйді ұстауға арналған коммуналдық шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін нормативтік-техникалық базаны әзірлеу көзделуде. Энергияны үнемдеуге қол жеткізу үшін 2002 жылы ғимараттарды жылумен қорғау жөніндегі жаңа құрылыс нормаларын әзірлеуді аяқтау, тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды жылыту мен желдетудің энергиялық тиімді жүйелерін жобалау және монтаждау жөніндегі нормаларды 2002 жылы әзірлеу және 2003 жылы бекіту міндеті алда тұр.

Алдағы кезеңде құрылыс материалдары мен бұйымдары өнеркәсібі саласында қолайлы инвестициялық ахуал туғызып, тұрғын үй, сондай-ақ өнеркәсіп

құрылысы қажеттіліктерін сапалы, үнемді, экологиялық таза, дизайн бойынша қазіргі заманғы өнімдер түрлерімен және материалдармен қамтамасыз ету мақсатында құрылыс индустриясы кәсіпорындарын қайта жаңарту және бейінін өзгерту жалғасатын болады.

### **6.5. Шағын және орта бизнес**

#### **М а қ с а т т а р ы**

Әсіресе, жаңа технологиялық өндірістерге бағдарланған шағын және орта бизнесті дамыту үшін әлеуметтік-экономикалық жағдай жасай отырып қоғам тұрақтылығының негізі болып табылатын "орташа тапты" қалыптастыру.

#### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Мемлекеттік қолдау отандық шағын бизнесті одан әрі дамытудың едәуір резервтері бар экономиканың маңызды факторы ретінде қалыптасуын қ а м т а м а с ы з е т т і .

Жаңа кәсіпорындарды құру және жұмыс істеп тұрғандарында шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін қаржы ресурстарының жетіспеушілігі шағын және орта бизнестің негізінен айналыс саласында дамуына жағдай жасады. Индустриалды дамыған аймақтарда шағын және орта бизнес кәсіпорындарының басым шоғырлануына қарамастан, өнеркәсіп өндірісі көлемінде сектордың үлес салмағы мардымсыз күйінде қалып отыр.

Шағын және орта бизнес субъектілерін құруға және олардың қызметіне кедергі келтіретін әкімшілік тосқауылдардың болуы кәсіпкерлікке теріс әсерін тигізуде. Оны қолдаудың нарықтық және өндірістік инфрақұрылымының дамуы жеткіліксіз күйде қалуда. Шағын өндіріс үшін инженер-техника және жұмысшы кәсіптері саласындағы білікті мамандардың жетіспеушілігі және осы секторда жұмыс істеу үшін менеджмент пен маркетинг саласында мамандар даярлау деңгейі салыстырмалы түрде төмен екені байқалуда.

#### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

2002 жылы лицензиялау және тіркеу жүйесін реформалау шеңберінде лицензиялауға жататын кәсіпкерлік қызмет түрлерінің тізбесі оңтайландырылатын, лицензиялау және тіркеу мәселелерінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың рәсімдері мен өкілеттіктері нақтыланатын б о л а д ы .

Бақылау және инспекция органдарының қызметін одан әрі регламенттеу мақсатында мемлекеттік органдардың шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне тексерулер жүргізу рәсімдері реттелетін, сондай-ақ олардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуын шектеу және жолын кесу жөнінде басқа да шаралар іске асырылатын болады.

Тоқтап қалған кәсіпорындарды шағын және орта бизнес субъектілеріне беру мақсатында оларды сегменттеу және қайта құрылымдау жөніндегі жұмыс

ж а л ғ а с а д ы .

Шағын және орта бизнесті аймақтық дамыту аумақтардың географиялық, әлеуметтік-экономикалық және дәстүрлі ерекшеліктері ескеріле отырып, жүзеге асырылатын болады.

2003 жылдан бастап орта бизнес өлшемдері жасалатын және кәсіпкерлікті салалық қолдауға көшу жүзеге асырылатын болады. Әрбір мемлекеттік орган шағын бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасайтын, ақпараттық-әдіснамалық қолдау көрсететін, ірі кәсіпорындармен қосылуына жәрдемдесетін болады.

Шағын және орта бизнесті мынадай бағыттар бойынша дамытуға ерекше назар аударылатын болады:

- жергілікті шикізат ресурстарынан азық-түлік өнімдерін өндіру;
- азық-түлік және азық-түлік емес тұтыну тауарларын өндіру;
- құрылыс материалдарын, конструкциялар мен бұйымдар өндіру;
- ғылымды қажетсінетін және инновациялық өндірістерді құру және дамыту.

Кәсіпкерлік кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін, сондай-ақ ішкі туризм мен инфрақұрылым салаларында кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау міндеті алда тұр. Ғылыми-техникалық салада ( бизнес-инкубаторлар, технопарктер желісін құру) шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі заманғы нысандарын дамыту жөніндегі шаралар жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік мәселелерінде жауапкершілігін арттыру мақсатында кәсіпкерлердің мемлекеттік органдарға арыз-өтініштерінің мониторингін енгізу, сондай-ақ олар бойынша қабылданатын шешімдер мәселесі қаралатын болады.

Кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің рөлі күшейтілетін және оларды топтастыру әрі нығайту үшін жағдайлар жасалатын болады.

Бәсекелестікті дамыту жөніндегі жұмыс жалғасатын және тауар рыногында басым (монополиялық) жағдайға ие субъектілердің қызметіне бақылау күшейтілетін болады.

Мемлекеттік шараларды іске асыру жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес кәсіпорындарының санын 500 мыңға дейін, оларда жұмыс істейтіндер адам санын 2 млн-ға дейін, олар өндірген өнім (жұмыстар, қызметтер) көлемінің үлесін ЖІӨ-ге 25%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Көрсетілген өлшемдер облыстар мен аймақтар бөлінісінде ресми статистиканың деректері бойынша талданатын болады.

Жоғарыда көрсетілген өлшемдерге қол жеткізу үшін көлеңке экономиканың ауқымын тарылтуға, шағын және орта бизнес кәсіпорындарының жария экономика шеңберіне шығуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін

экономикалық стратегиялар мен әлеуметтік технологиялар қабылдау негіз болуы тиіс.

## **6.6. Ғылыми-технологиялық саясат**

### **М а қ с а т т а р ы**

Ресурстарға негізделген экономикадан білімге негізделген экономикаға көшуді және отандық ғылымды қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының басты факторы ретінде пайдалануды қамтамасыз ету.

### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Қазақстан экономиканың нақты секторын технологиялық жаңғыртудың көкейтесті проблемаларын шешу үшін жеткілікті ғылыми-техникалық әлеуетке ие. 2001 жылы ғылыми ұйымдар үшін жабдықтарды сатып алуды мақсатты қаржыландыру қамтамасыз етілді.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың қажеттіліктеріне сәйкес және "Қазақстан-2030" стратегиясы шеңберінде 2010 жылға дейін 20 басым бағыт бойынша іргелі ғылыми зерттеулер орындалуда. Ғылымды қажетсінетін жаңа өндірістерді игеруге дайындау үшін қолданбалы және инновациялық жобалар іске асырылуда.

### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

Ғылыми-технологиялық саясатты жүзеге асыру:  
ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет саласында нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді;  
іргелі және қолданбалы зерттеулерді оңтайландыруды;  
басым бағыттар бойынша іргелі зерттеулер бағдарламаларына түзету енгізуді;

елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары бойынша мақсатты және инновациялық ғылыми-техникалық бағдарламаларды қалыптастыру мен іске асыруды, аймақтық ғылыми-техникалық бағдарламаларды қалыптастыруды;

ғылым саласында ғылымды қажетсінетін шағын және орта кәсіпорындар мен инновациялық бизнесті қалыптастыру әрі дамытуды қамтамасыз ететін нақты экономикалық ынталандыру мен тетіктерді жасауды, аймақтық ғылыми-техникалық бағдарламаларды қаржыландыру үшін жергілікті бюджеттер мен басқа да көздердің қаражатын тартуды;

ірі өнеркәсіп орталықтарында аймақтық инновациялық қорлар құруды;  
жоғары мектепті, ғылым мен өндірісті ықпалдастыру арқылы экономиканың жоғары технологиялық секторы үшін ғылыми кадрлар даярлауды, оларды шетелдегі жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарында тағлымдамадан өткізуді көздейді.

## **7. Көлік инфрақұрылымы**

### **М а қ с а т т а р ы**

Отандық өнімнің өзіндік құнында көлік шығындарын азайтқан кезде қоғамның көлікке және ақпаратқа деген қажеттіліктерін қанағаттандыру және республиканың транзиттік әлеуетін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету.

### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Негізінен, байланыс, азаматтық авиация, автомобиль жолдары, темір жол көлігі, теңізде жүзу саудасы саласындағы қызметті реттейтін заңнамалық база қалыптасты. Көлік-коммуникациялық кешен салаларын дамытудың орта мерзімді кезеңге арналған бағдарламалары қабылданды.

Жыл сайын республикалық бюджеттің және халықаралық қаржы институттарының автомобиль жолдарын дамытуға арналған қаржы қаражатының көлемі ұлғаюда, ресурс үнемдейтін жаңа озық технологиялар енгізілуде.

Темір жол көлігін қайта құрылымдау процесі басталып, тәуелсіз операторлар инфрақұрылымына қол жеткізуге жол ашылды.

### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

Автомобиль жолдары саласында республиканың автомобиль жолдары желілерін, соның ішінде ауылдық жердегі көлік инфрақұрылымын одан әрі жаңғырту және дамыту көзделуде.

2002 жылы Алматы-Астана-Бурабай автомобиль жолын қалпына келтіру, Алматы-Қорғас автомобиль жолын жөндеу, Орал қаласы маңында Жайық өзеніне көпір салу аяқталатын болады, Қызылорданың жанындағы Сырдария өзеніне көпір өткелін салу, Лениногорск-Ресей Федерациясының шекарасы автожолының құрылысы, Батыс Қазақстан, Алматы-Бішкек автомобиль жолдарын қайта жаңарту басталады. 2002-2004 жылдары Автомобиль жолдары саласын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жолдардың басқа учаскелерін қайта жаңарту жөнінде жұмыс жүргізілетін болады. Бөлінген бюджет қаражаты мен заемдарын тиімді игеруге ерекше назар аударылатын болады.

2002-2004 жылдары кезеңінде:

жол саласын қаржыландырудың тиімді жүйесін құру;  
нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;  
жолдар салу мен оларды ұстаудың халықаралық стандарттарына көшу жөніндегі жұмысты жүргізу белгіленді.

Жол секторы сервистік қызмет көрсету жүйесімен жабдықталған жоғары санаттағы жолдар салудың негізінде сапалы түрде жаңартылатын болады.

Халықаралық көлік желісіне кірігуге жәрдемдесетін халықаралық тасымалдарды қамтамасыз ететін бағыттар дамытылады.

Автомобиль көлігі саласында 2002 жылы көлік тасымалдарын дамытуды қамтамасыз ету үшін "Автомобиль көлігі туралы" Заң жобасы әзірленетін болады. 2002-2004 жылдардың ішінде республиканың экономикалық, сауда, мәдени байланыстарын кеңейтуге жәрдемдесетін халықаралық автомобиль тасымалдары одан әрі дамытылады.

Азаматтық авиация саласында 2002 жылы одан әрі дамытудың тұжырымдамалық бағыттары анықталатын болады.

2002-2004 жылдар кезеңінде авиакомпаниялардың қызметі тасымалдаушыларды мемлекеттік бақылау аясына топтастыру негізінде жүзеге асырылатын болады. "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Заңға сәйкес әуе тасымалдаушыларына жоғары талаптар қойылатын, авиациялық қауіпсіздікке және ұшулардың қауіпсіздігіне мемлекеттік қадағалау қатайтылатын, азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

2002 жылдан бастап қызмет көрсету саласын кеңейту және жаңа рыноктарды игеру үшін мемлекеттік лизинг жүйесі негізінде ұшақ паркін жаңарту жөніндегі кешенді шараларды іске асыру көзделуде.

Халықаралық әуежайлардың инфрақұрылымын әлемдік стандарттардың талаптарына сәйкес келтіру үшін бүкіл кезең ішінде оларды қайта жаңарту жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады. Аэронавигациялық инфрақұрылым одан әрі дамытылады.

2004 жылы Әуе кодексінің жобасы әзірленетін болады.

Теңіз және өзен көлігі саласында 2003 жылы "Ішкі су көлігі туралы" Заң жобасы әзірленетін болады, мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту мен жаңғыртудың ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламасын іске асыру басталады.

2002-2004 жылдары Ақтау портының инфрақұрылымын одан әрі дамыту, Каспийде жаңа теңіз портын салу, су жолдары мен тоспаларды кеме жүретін жағдайда ұстап тұру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру, Жайық-Каспий теңізі кеме жүретін арнасында тереңдетіп қазу жұмыстарын жүргізу көзделуде.

2003 жылдан бастап ұлттық теңіз сауда флотын құру үшін қаржыландыру көздерін анықтау жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады. Каспийде Баутино маңында теңіз кемелерін жөндеу базасы дамытылады.

Өзенде кеме жүзуді жақсарту үшін арналарды тазарту және өзендердің түбін тереңдету жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады. Ертіс өзенінде толассыз кеме жүзуді қамтамасыз ету үшін Шульба тоспасын салу жалғасады.

Темір жол көлігі саласында 2002 жылы: Қостанай және Ақтөбе қаласын Ақтау портымен жалғастыратын жаңа темір жол желісін (Алтынсарин-Хромтау) салу, жылжымалы құрамды жөндеу үшін өндірістік базаны қайта жаңарту жалғасады. 2003 жылы темір жолдардың негізгі учаскелерін жаңғырту жөніндегі

жұмыс жандандырылады, Алматы-Астана желісі бойынша жолаушы поездарының жүрдек қозғалысы ұйымдастырылатын болады, Темір жол кодексі әзірленеді.

2002-2004 жылдары кезеңінде Қайта құрылымдау бағдарламасына және оны дамыту жоспарына сәйкес көлік қызметі рыногында бәсекелестік орта құруға бағытталған саланы одан әрі реформалау көзделуде.

Бүкіл кезең ішінде артық қуаттар базасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Тасымалдаудың қазіргі заманғы технологияларына көшу мақсатында темір жолдарды техникалық қайта жарақтандыру, қазіргі заманғы ақпараттық басқару жүйелерін енгізу, ресурс үнемдейтін жаңа технологияларды дамыту жалғасады.

Автоматтандырылған ақпараттық желілерді халықаралық көлік ақпараттық жүйесін кіріктіре отырып одан әрі дамыту көзделуде.

Телекоммуникациялар мен байланыс саласында 2002 жылы "Ақпараттандыру туралы", "Почта туралы", "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" заң жобалары әзірленетін, электронды құжат айналымының ережесі әзірленетін болады.

Байланыс саласындағы қолданыстағы заңнаманы соңғы жылдары болған өзгерістерге сәйкес келтіру үшін "Байланыс туралы" Заңға өзгерістер енгізу көзделіп отыр.

2002 жылы телекоммуникациялар саласын ырықтандыру, оны мемлекеттік реттеудің тиімді және дамытуды ынталандыратын жүйесін құру процесі басталады.

2003 жылы елдің почта байланысы жүйесін жаңғырту, оның почта-жинақ жүйесін қалыптастыруға байланысты қызмет саласын кеңейту және соның негізінде почта саласын ұсынатын қызметінің ауқымы кең рентабельді деңгейге шығару жүзеге асырылатын болады.

2002-2004 жылдар кезеңінде қазіргі заманғы байланыс жүйелері мен құралдарын енгізудің есебінен саланы дамытудың сапалық жаңа деңгейіне көшу болжанып отыр. Ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту пайдалану және инвестициялық шығындарды оңтайландыруды көздейді. Барлық облыс орталықтарын, ірі елді мекендер мен аудан орталықтарын байланыстыратын Ұлттық ақпараттық супермагистраль салу, коммутациялық жабдықтарды, магистральдық желіні жаңғырту, магистральдық және аймақтық байланыс желілерін ұйымдастыру үшін спутниктік байланыс жүйесін қалыптастыру жалғасады.

Бүкіл кезең ішінде Ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, мемлекеттік органдарды ақпараттандыру, мемлекеттің ақпараттық-коммуникациялық қауіпсіздігін

қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін енгізу жөніндегі Іс-шаралар жоспары бойынша жұмыстарды атқару көзделуде.

### **Транзиттік әлеуетті дамыту**

2002 жылы Қазақстан Республикасында транзит-көлік әлеуетін дамыту бағдарламасын әзірлеу аяқталады. 2004 жылы "Транзиттік (мультимодальдық) тасымалдар туралы" Заңның жобасы әзірленетін болады.

2002-2004 жылдары Қазақстанның "Солтүстік-Оңтүстік" және ТРАСЕКА халықаралық көлік дәліздеріне толыққанды қатысуын және осы дәліздердегі оның рөлін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғасады.

## **8. Ауыл шаруашылығы**

### **М а қ с а т т а р ы**

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету; агробизнестің тиімді жүйесін қалыптастыру; бәсекеге қабілеттілік негізінде ішкі және сыртқы рыноктарда ауыл шаруашылығы өнімін және оны өңдеу өнімін сату көлемін ұлғайту; ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдау шараларын ұтымды ету.

### **А л ғ ы ш а р т т а р**

1999 жылдан бастап ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің өндірісі көлемінің өсуі, негізінен өсімдік шаруашылығы есебінен қамтамасыз етілуде.

Ауыл экономикасы инфрақұрылымының дамуы артта қалып отыр. Ауыл шаруашылығы өндірісінің материалдық-техникалық базасының нашарлығы, ұсақ тауарлы өндіріс жағдайында қазіргі заманғы агросервистік құрылымдардың, өсірілген өнімді сатып алу, тасымалдау, сақтау және қайта өңдеу жүйесінің болмауы ауылдағы өндіріс көлемінің ұлғаюын және шығынды азайтуды тежеп отырған басты факторлардың бірі болып отыр.

### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

2002 жылдан бастап бәсекеге қабілетті өңделген өнімдерді өндіруді ынталандыруды қамтамасыз ету, азық-түлік өнімінің сапасын халықаралық стандарттарға көшіру, азық-түлік өнімінің экспортын ынталандыру жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу және азық-түліктің әлемдік маркаларының отандық өндірісінің франчайзингтік схемаларын енгізу міндеті алда тұр.

2002 жылы тұтынудың ұлттық стандарттары бекітілетін және азық-түлікті тұтынудың қажетті көлемін сипаттайтын шекті мәні есептелетін болады.

2002-2003 жылдары агроөнеркәсіптік сектордың кепіл құралдарын кеңейту және қаржы тәуекелдерін азайту негізінде ауыл шаруашылығы өндірісін және өңдеуді несиелендірудің көп арналы жүйесін қалыптастыруды жалғастыру қажет. Бұл үшін астық қолхаттарының айналымын және банктік несиелендіру саласын кеңейту, ауылдық несие серіктестіктерінің санын ұлғайту, ауыл шаруашылығы

өндірісін сақтандырудың тиімді жүйесін әзірлеу, фьючерстік сатып алу және маусымдық жеңілдікпен несиелендіру көлемін кеңейту көзделіп отыр.

Алдағы кезеңде жер рыногы мен жерді пайдалану құқықтарын қалыптастыруды қамтитын ауыл шаруашылығы өндірісіндегі жер қатынастарының тиімді жүйесін қалыптастыруды аяқтау; меншік қатынастары мен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жалға беруді реттеу, жердің рыноктағы құнын бағалауды анықтау, жерді тиімсіз пайдаланғаны үшін жауапкершілік тетіктерін пысықтау міндеті алда тұр.

2003-2004 жылдардың ішінде: егіс алқаптарының құрылымын оңтайландыру, егіншілікте ғылыми негізделген ауыспалы егістерді және жаңа озық технологияларды енгізу; тұқым шаруашылығы базасын жаңартуды ынталандыру, минералдық тыңайтқыштарды өндіру және пайдалану; ауыл шаруашылығы өндірісінің машина-трактор паркін жаңарту; лизингтік операцияларды кеңейту және машина-технологиялық станциялар жүйесін құру жөніндегі шаралар әзірленетін болады. Ауыл шаруашылығы алқаптарының зиянкестермен және аурулармен зақымдануының мониторингі жалғастырылады және өсімдіктер карантинінің тиімді шекаралық және ішкі қызметі қалыптасатын болады.

Мал шаруашылығында селекциялық тұқымды асылдандыру жұмысын қарқынды жүргізу, аналық малды жоғары өнім өндірушілердің тұқымымен жасанды ұрықтандырумен барынша қамту негізінде генетикалық әлеуетті жақсарту, жануарлардың жаңа Тұқымдарын дамыту үшін жағдай жасау, мамандандырылған орта және ірі тауарлы өндірісті қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу, ветеринарияның ұлттық жүйесін сапалы жаңа дәрежеге көтеруді жүзеге асыру міндеті алда тұр.

2003-2004 жылдардың ішінде өндірістің тігінен біріктірілген жүйелері негізінде ауыл шаруашылығы өнімін көтерме сатып алу және өңдеу жүйесін дамыту, көтерме рыноктар мен биржа саудасын дамыту, оның ішінде өңдеу кәсіпорындары, жеке ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мемлекеттік ақпараттық-маркетингтік жүйеге қол жетімділігін қамтамасыз ету арқылы ауыл шаруашылығы өнімінің және азық-түлік өнімінің электрондық саудасын енгізу дамытылады.

2004 жылдың басында су шаруашылығы құрылыстарына меншік қатынастарын және оларды басқаруды, ауыл шаруашылығы суын пайдалану бірлестіктерін құруды, судың құнын анықтау тетіктерін, ауыл шаруашылығы алқаптарының мелиоративтік жай-күйін бағалауды, сондай-ақ су үнемдейтін агротехнологияларды енгізуді реттейтін ауыл шаруашылығы суын пайдалану жүйесі қалыптасатын болады.

Басым өндірістерді мемлекеттік ресурстармен қолдауды қамтамасыз ететін

агроиндустриалдық кешенді дамытудың мемлекеттік реттеу жүйесі оңтайландырылатын болады.

## **9. Сауда саясаты**

### **9.1. Сыртқы сауда**

#### **Мақсаттары**

Елдің сауда теңгерімін жақсарту және ішкі рыногын қорғау мақсатында аса маңызды стратегиялық әріптес елдермен өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ экспорт географиясын жылжыту және кеңейту.

#### **Алғышарттар**

Қазіргі уақытта Қазақстан әлемнің 177 елімен экспорттық-импорт операцияларын жүзеге асырады. 50 елмен сауда-экономикалық келісім жасалды, олардың көпшілігімен сауда барынша қолайлы режим негізінде жүзеге асырылады. ТМД-ның алты елімен еркін сауда режимі орнатылған, ал төртеуімен Кеден одағын құру жөніндегі жұмыс жалғасуда.

Сыртқы экономикалық саясат бағытын одан әрі іске асыру мақсатында Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі, ЕурАзЭҚ, ОАЫ, ТМД, ШЫҰ және ЭЫҰ шеңберінде аймақтық ынтымақтастықты кеңейту бойынша көп жақты және екі жақты келіссөздерді жүргізу жөніндегі жұмыс жалғасуда.

Республика едәуір транзиттік әлеуетке ие. Ел экономикасының аса маңызды экспорттық тауарларға деген әлемдік бағалардың әсеріне тәуелділігін азайту жөнінде шаралар қабылданады.

#### **Шешу жолдары**

Алдағы кезеңде негізгі күш-жігер экспорт құрылымын шикізаттық емес сипаттағы өнімдер көлемін ұлғайту жағына өзгертуге бағытталатын болады. 2002 жылы экспорттық бақылау және лицензиялау жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылданатын болады, сондай-ақ лицензияланатын тауарлардың тізбесі қайта қаралатын болады.

2002-2004 жылдары отандық өнімнің бәсекелестік қабілетін арттыру, шекара маңындағы сауданы дамыту және тауарлар мен қызмет көрсету экспортының көлемін арттыру жөнінде, оның ішінде туристік қызметтердің қазақстандық экспортын ілгерілету жөнінде шаралар әзірлеуді көздейтін бірқатар тұжырымдамалық құжаттар әзірленетін және қабылданатын болады.

Әлемдік рынок конъюктурасының өзгеруі мұнай экспорты бойынша балама көлік жолдарының болуын, астық пен металл өткізу рыноктары географиясын кеңейтуді және көрші елдердің рыноктарындағы (тауарлар, қызметтер, капитал

мен еңбек) экономикалық қатысуды жандандыруды талап етеді. Осы мақсатта 2002 жылы 2003-2004 жылдары жүзеге асыру жоспарланып отырған көрсетілген мақсаттарды іске асыру жөніндегі нақты шараларды әзірлеу жөнінде тиісті зерттеулер жүргізілетін болады.

Экспортты әртараптандыру және импорт құрылымын ұтымды ету, сондай-ақ отандық тауар өндірушілерді қолдау мен қорғаудың жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында елдегі экономикалық ахуалдың өзгерістерін ескере отырып, ЕурАзЭҚ және ТМД елдерімен бірге қабылданған міндеттемелер шеңберінде сыртқы сауда қызметін тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары оқтын-оқтын қолданылатын болады.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіру процесіне, осы мәселеде ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттермен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге, қазақстандық өнімнің Еуропа, АҚШ және басқа да бірқатар елдердің рыноктарына әкелінуіне шектеулерді алуға және отандық тауарлар мен қызметтердің әлемдік рыноктарға енуіне қолайлы жағдайды қамтамасыз етуге ерекше назар аударылатын болады.

Қазақстанның нақты елдерге басымдық беруі негізінде нақты секторда қойылған міндеттермен тығыз байланыста өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарды пысықтау жөніндегі жұмыс жандандырылатын болады.

Аймақтық экономикалық бірлестіктер (ТМД, ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, ЭЫҰ және ОАБІ) шеңберіндегі экономикалық қарым-қатынастар осы бірлестіктерге мүше елдер арасындағы шарт-құқық базасына сәйкес нақты жобалар мен экономикалық бастамаларға негізделетін болады.

2004 жылы өткізілген іс-шаралардың нәтижелері негізінде сыртқы сауда саясатында одан әрі бағдарлар айқындалатын, сондай-ақ республика үшін қызығушылық туғызатын әлемдік тауар рыноктарын талдау және қазақстандық тауарлардың экспортын ілгерілететін құрылымдар құру мүмкіндігі қарастырылатын болады.

Жыл сайынғы "Туризм және саяхат" қазақстандық халықаралық туристік жәрмеңкесін және жыл сайынғы "Шаңырақ" халықаралық сауда жәрмеңкесін өткізу аса маңызды іс-шаралар тұрғысында қаралатын болады.

## **9 . 2 . І ш к і с а у д а**

### **М а қ с а т т а р ы**

Тұтастай алғанда, ішкі рынокты оң тұрғыда дамытуды қамтамасыз ететін тауарлар мен қызметтерді тұтынушыға жеткізудің ұйымдық және құқықтық тетігін жетілдіру.

### **А л ғ ы ш а р т т а р**

Елдің тұтыну рыногы салыстырмалы түрде аса жоғары молығуымен ерекшеленеді - іс жүзінде тауар тапшылығы жоқ. Соңғы жылдары бөлшек және

көтерме сауда айналымы бірнеше есе өсті. Шағын және орта бизнес субъектілерінің негізгі үлесін сауда-сатып алу қызметі саласы құрайды. Мұндай жағдайда бәсекелестіктің күшеюі бөлшек сауда қызметінің сапасын жақсартуға  
ы қ п а л е т е д і .

### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

Сауданың тиімді нысандарын құру, заңнама жүйесін дамыту және сауда қызметінің сапасын жақсарту мақсатында 2002-2003 жылдары сауда қызметін реттеу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сауда рыноктарының жұмыс істеуі жағдайлары жөнінде бірқатар нормативтік құқықтық актілер әзірленетін  
б о л а д ы .

Аса маңызды азық-түлік тауарлары бағаларының және сатылатын тауарлар мен қызметтердің түр-түрлері жай-күйінің мониторингі негізінде сауда рыноктары арасындағы бәсекелестікті дамыту және жергілікті атқарушы органдардың сауда инфрақұрылымын дамытудағы жауапкершілігін арттыру жолымен осы тауарларға бағалардың негізсіз өсуіне жол бермеу жөніндегі  
ж ұ м ы с ж а л ғ а с а т ы н б о л а д ы .

2003 жылы ауылдық жердегі сауда инфрақұрылымын дамытуды және отандық өнімнің ішкі рынокқа тұрақты жеткізілуін қамтамасыз ететін сауда-сатып алу компанияларын құруды ынталандыру жөнінде нақты шаралар  
қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы .

Өндіріс құралдарымен сауда жасауды ұйымдастыру, электрондық коммерцияны, тауар биржалары мен сауда-өнеркәсіп палаталарының қызметін дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылатын болады.

Қазақстан тауарларының тұтыну рыногындағы үлесін арттыру, елдің аймақтары арасындағы тауар ағындарын реттеу жөнінде жағдай жасалатын және  
ш а р а л а р ә з і р л е н е т і н б о л а д ы .

Ішкі сауданы одан әрі дамыту үшін ішкі сауданың тиімді нысанын қалыптастыруға және ішкі рынокты қол жетімді бағалар мен тарифтер бойынша жоғары сапалы тауарлармен және қызметтермен молықтыруға жәрдемдесетін заңнаманы жетілдіруге баса назар аудару қажет.

Тұтыну рыногында сатылатын тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі шаралар күшейтілетін болады. Отандық тауар өндірушілердің өнімін өткізуді жақсарту мақсатында көтерме сауданың қазіргі заманғы жүйесін құру ынталандырылатын болады.

## **10. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық тәртібін нығайту және қылмысқа қарсы күрес**

## **М а қ с а т т а р ы**

Қазақстан азаматтары үшін тұрмыстың тиісті деңгейін қамтамасыз ету және олардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдіктер беріп, елдің қауіпсіздігін нығайту. Қазіргі заманғы Қарулы Күштер және елдің Шекара қызметін құру. Терроршылдыққа, нашақорлыққа, қылмысқа қарсы күресті күшейту және құқық тәртібін нығайту. Елдің ақпараттық қауіпсіздігі саласында жаңа технологияларды енгізу.

Қылмыс саясатын одан әрі ізгілендіру, мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарды әлемдік практикада жалпы танылған стандарттарға сай ұстау жағдайларын жасау.

## **А л ғ ы ш а р т т а р**

Ұлттық және экономикалық қауіпсіздік, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2005 жылға дейінгі стратегиялары қабылданды. Терроршылдыққа және экстремизм мен сепаратизмнің өзге де көріністеріне қарсы күрес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмысқа қарсы күрес жөнінде мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде кешенді шаралар іске асырылуда.

Стратегиялық объектілер мен тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін күзетуді күшейту жөнінде шаралар жүзеге асырылуда.

## **Ш е ш у ж о л д а р ы**

Барлық мүдделі мемлекеттермен, ең алдымен көршілес елдермен достық, тең құқықты және өзара тиімді қатынастарды одан әрі дамытуға бағытталған байыпты және сындарлы сыртқы саясат жүргізуді жалғастыру.

Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі, сондай-ақ Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі кеңесті ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмыс жандандырылды. Каспий қайраңын игеру проблемаларымен байланысты ықтимал тартысты оқиғаларды реттеуде Каспий жағалауы мемлекеттерінің әскери күш қолдану немесе қолдану қоқан-қоққысынан бас тартуы жөніндегі саясат жүргізіледі.

Орталық Азияда терроршылдықтың, діни экстремизмнің таралуына қарсы іс-әрекет жасау, аймақтық және ұлтаралық қылмыс көріністеріне қарсы күрес, әсіресе есірткінің заңсыз айналымына, ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз көші-қонға қарсы күрес мақсатында халықаралық қоғамдастықпен өзара іс-қимылды нығайту жөніндегі шаралар әзірленеді және қабылданады.

Терроршылдыққа қарсы күрес саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін Еуропалық конвенцияларға қосылу жөніндегі жұмысты аяқтау көзделеді.

Стратегиялық маңызы бар объектілердің, қауіптілігі мол кәсіпорындар мен коммуникациялардың қауіпсіздік жүйелерін кезең-кезеңімен жетілдіру,

қару-жарак пен оқ-дәрінің сақталуын қамтамасыз ету, сақталу мерзімі біткен оқ-дәріні және радиоактивтік сәуле көздерін кәдеге жарату жөніндегі шараларды іске асыру терроршылдыққа қарсы күрес жөніндегі жұмыстың маңызды бір бөлігіне айналады.

Терроршылдыққа, заңсыз көші-қонға қарсы күрес мақсатында шетелдік азаматтардың келуін-кетуін бақылауды бірыңғай ақпараттық жүйесі құрылады. Қазақстандық азаматтардың діни санасын шарпуға жол бермеу жөніндегі барлық мемлекеттік органдардың жұмысы күшейтіледі.

Елдердің арасында бірыңғай экономикалық кеңістікті кезең-кезеңімен қалыптастыру, біріктірілген көлік-коммуникациялық және энергетика жүйелерінің ортақ инфрақұрылымын құрудағы өзара іс-қимыл, шекара және кеден бақылауы саласындағы келісілген саясат жүргізу, шекарааралық су ресурстарын пайдалану жөніндегі жұмыс жандандырылады.

Үкімет шектес мемлекеттермен шекараны межелеу жөніндегі жұмысты жандандыруға ниеттенуде. Әсіресе, Түркіменстанмен және Өзбекстанмен шекарадағы шекаралық инфрақұрылымды қалыптастыру жалғастырылады. Қазақстанның теңіздегі шекарасын қорғау күшейтіледі. Осыған байланысты кеме жасау бағдарламасын іске асыруға, Каспийде әскери теңіз портын жасауға кірісу ниетінде. Осы жұмысқа отандық өндірушілердің, жергілікті мемлекеттік органдардың кеңінен қатысуы қамтамасыз етіледі.

Алдағы кезеңде әскери қауіпсіздікті нығайту әскери реформаны тереңдетуге, Қарулы Күштердің, ІІМ ішкі әскерлері, ҰҚК Шекара қызметі құрамаларының жауынгерлік әзірлігінің сапасын арттыруға негізделеді. "Қазақстан Республикасындағы баламалы қызмет туралы" заң қабылданады, аумақтық қорғанысты ұйымдастыру, маңызды мемлекеттік объектілерді күзету, қорғаныс мұқтаждарына арналған адами және материалдық ресурстарды жұмылдыру, төтенше жағдайлар туындаған жағдайда басқару жүйелерінің сенімді жұмыс істеуі жөніндегі міндеттер кешенін нақты шешуде жергілікті атқарушы органдардың ролі күшейтіледі.

Ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті нығайту мақсатында осы саладағы жаңа технологиялар дамытылады; ақпаратты қорғау жабдықтарын әзірлеу мен өндірудің отандық инфрақұрылымы жасалады. Ақпараттық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету, ақпаратты қорғау саласындағы мемлекеттік рұқсат ету және ақпаратты қорғау құралдарын сертификаттау жүйесі жетілдіріледі. Астана қаласындағы жаңа әкімшілік орталық объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері шешіледі.

Халықпен белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу, "дөңгелек үстелдер", ғылыми практикалық конференциялар өткізу, қоғамдық қозғалыстар жетекшілерінің көпшілік алдында сөз сөйлеуі практикасын кеңейту жолымен

діни экстремизмге қарсы насихаттық іс-әрекеттің өткірлігі қамтамасыз етіледі.

2002 жылы Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасы ІІМ ішкі әскерлерін реформалаудың 2002-2005 жылдарға арналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламалары әзірленеді.

Нашақорлық пен есірткі бизнесінің таралуына тиімді қарсы іс-әрекет жасау, есірткіге сұранысты азайту және нашақор адамдарды оңалту мақсатында нашақорлықтың алдын алу және медициналық емдеу жөніндегі қосымша шаралар кешені жүзеге асырылады. Нашақор адамдарды, соның ішінде кәмелетке толмағандарды медициналық-әлеуметтік оңалтудың аймақтық орталықтары ашылады, наркологиялық диспансерлердің саны көбейтіледі.

Құқық қорғау органдарының күш-жігері есірткі бизнесін ұйымдастырушыларды анықтау және оқшаулауға, наркотрафиктің жолын кесуге бағытталады. Осы мақсатта халықаралық ынтымақтастық кеңейтіледі.

Заңсыз көші-қонның жолын кесу мақсатында ІІМ көші-қон полициясының бөлімшелерін нығайту жөнінде шаралар кешені жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында терроршылдыққа және экстремизм мен сепаратизмнің өзге де көріністеріне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде ІІМ-нің инженерлік-техникалық (саперлік) бөлімшелері құрылады.

Құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды әлеуметтік құқықтық алдын алу жүйесі қалпына келтіріліп, мінез-құлқы ауытқымалы кәмелетке толмағандарға арналған арнаулы мектеп-интернаттар мен кәсіптік-техникалық училищелер және қылмыстық жауапкершілік туындайтын жасқа жетпей, қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға арналған арнаулы мектептер желісі кеңейтіледі, бұрын сотталған адамдарды оңалтудың тиімділігі арттырылады.

Ішкі істер органдарын халықпен байланыстыратын негізгі буын ретінде кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөлімшелердің, сондай-ақ полицияның учаскелік инспекторларының рөлі арттырылады.

Түзеу мекемелерін күзету және қадағалауға арналған инженерлік-техникалық жабдықтармен, емдеу-алдын алу мақсаттарына арналған медициналық жабдықтармен қайта жарактандыру, сотталғандардың кейбір санаттарын камерада ұстау жатақханаларын салу мүмкіндігі көзделеді.

2003-2004 жылдары түзеу мекемелерінде жалпы және кәсіби оқыту мектептері ашылады.

## **11. Ішкі саяси тұрақтылық және қоғамды топтастыру**

## М а қ с а т т а р ы

Қоғамды одан әрі демократияландыру, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту, көппартиялы тұрақты жүйені қалыптастыру, мемлекеттік және қоғамдық институттардың әріптестік қатынастарын нығайту, азаматтық қоғам институттарын дамыту.

## А л ғ ы ш а р т т а р

Азаматтық белсенділік пен қоғамдық бастамалардың артуы, қазақстандық қоғамға тарихи тән ұлтаралық және конфессияаралық қатынастардағы төзімділік, нақты көппартиялылық жүйесінің қалыптасуы, әлеуметтік әріптестікті дамыту үшін нормативтік құқықтық базаның қалыптастырылуы, үкіметтік емес сектордың серпінді дамуы.

## Ш е ш у ж о л д а р ы

Қоғамды демократияландыру процесеріндегі партиялар мен қоғамдық саяси бірлестіктердің сындарлы әлеуетін арттыру, мемлекеттің партиялармен және қоғамдық саяси бірлестіктермен сындарлы диалогын және өзара іс-қимылын жалғастыру;

қоғамды топтастыруға және көппартиялық жүйесін дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған партияаралық қатынастарды нығайту жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Қазақстанның көп ұлтты халқын топтастырудағы, ұлтаралық қатынастарын үйлестірудегі ұлттық-мәдени орталықтарды одан әрі дамытудағы Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлін арттыруға жан-жақты көмек көрсетіледі.

Азаматтық қоғам институттарын қалыптастырудың аса маңызды шарты ретінде әлеуметтік әріптестік қатынастарды дамыту, үкіметтік емес секторды нығайту, қоғамдық маңызы бар проблемаларды шешуде, әлеуметтік мәні бар жобаларды іске асыруда үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік қолдау көрсету жөнінде шаралар қабылданады. Осы мақсатта 2002 жылы үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың бағдарламасы әзірленеді, үшжақты Келісімді іске асыру жөніндегі шаралар жүйесі жүзеге асырылады.

Оның шеңберінде 2003-2004 жылдары "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" заң жобасын әзірлеуді қоса алғанда, кәсіподақтармен және жұмыс берушілердің бірлестіктерімен ынтымақтастық жалғастырылады.

**Ел Үкіметінің ниеті - Бағдарламаның сөзсіз орындалуын жүзеге асыру.**

Бұл ретте Үкіметке жүктелген міндеттердің бар мән-маңызы пайымдалады, осыған орай оларды орындауға барлық қажетті күш-жігер жұмсалатын болады. Атқарушы биліктің барлық деңгейін қамтитын Іс-шаралар жоспарын әзірлеу және оны кейіннен жүзеге асыру Бағдарламаны іске асыру жөніндегі талап етілетін тұтқалар мен құралдар кешенін іске қосуға мүмкіндік береді.

Бағдарламада көзделген шараларды орындау Мемлекет басшысы

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясында және 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспарында алға қойған мақсаттарға жетуге үдемелі әрі нысаналы с и п а т б е р е д і .

Үкімет республикадағы әлеуметтік-экономикалық қайта құрулардың тұрақтылығын орнықтыруға және ел дамуының жаңа сатысына өтуді қамтамасыз етуге тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК